



НАУРЫЗ-СӘУІР

Шекарашы

ҚАУІПСІЗДІК ҚАЛҚАНЫ!

№ 2(143) 2026





«БАРЛАУ-ІЗДЕСТІРУ ТОБЫ» ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨЗІМЕН

Сурет авторы қатардағы Диас ҚУАНЫШЕВ





5 | Сәті түскен сұхбат

- Мемлекеттік шекараны күзету – әрбір азамат үшін аса үлкен жауапкершілік пен зор сенім жүктейтін қасиетті міндет.

ЖИЗНЬ ПОДРАЗДЕЛЕНИЙ

10 | Рубеж, где служба становится судьбой

Каждый день начинается одинаково - и каждый день может принести новую ситуацию. Пограничники говорят: граница не любит суеты, но требует постоянной внимательности. Любая мелочь может оказаться важной.

13 | Жауапкершілік жүгін арқалаған бөлім

Мұнда тәулік тынысы шекара нарядтарының қадамына, байланыс құралдарының дабылына, бақылау жүйелерінің үнсіз қызметіне тәуелді.

16 | Жолаушы легіндегі заң сүзгісі

Таңның атысымен бөлімшенің маңы оянып, кеш түсе қайта саба-сына түседі. Бірақ дәл осы ырғақтың ортасында бір қалыптан ай-нымайтын тұрақ бар: шекаралық бақылау бөлімшесінің қызметі.

19 | Рухты кітаптың мұқабасынан тапқан...

Бұл – ҰҚК Шекара қызметі Қызметтік кинология басқар-масының иттерді даярлау, өсіру және көбейту бөлімінің старшинасы аға сержант Ғалым Шылғынбаев, биыл запасқа шығуға дайындалып жүрген әскери қызметші.

23 | Әуе қақпасындағы қырағы көз

Бұл бөлімше халықаралық әуе қатынасы арқылы өтетін аза-маттар мен жүк тасымалдарының заңдылығын қамтамасыз етіп, мемлекеттік шекара режимінің сақталуын бақылауда ұстайды

26 | Шекарамен өрілген өмір

«Ардақты ардагер»

МАМАН

30 | Темірден түйін түйген



Шекара қызметі – сырт көзге қарапайым көрінгенімен, ішкі мазмұны терең, жауапкершілігі аса жоғары, әр сәтте сергектік пен кәсіби шеберлікті талап ететін күрделі міндет.

33 | Подполковник Қуаныш Баймұрат: «Мемлекеттік шекара қауіпсіздігі - тәуелсіздік тірегі»

Қызметтің сапалы ұйымдастырылуына әсер ететін ең басты фактор - әскери қызметшінің бойындағы патриоттық рух пен жауапкершілік сезімімен қатар олардың тұрмыстық жағынан қамтамасыз етілу деңгейі де барынша әсер етеді.

36 | Арайлы арулар

Көктемнің шуағымен қатар келетін мереке – 8 Наурыз нәзікжандылар мейрамы қарсаңында шекарашылар да аруларды ерекше құрметке бөлеп, оларға қуаныш сыйлады.

38 | Ел шебіндегі қызмет – ұрпаққа өнеге

Оқушыларға шекаралық бақылаудың тек құжат тексе-румен шектелмейтіні кеңінен түсіндірілді.

41 | Шекара тыныштығы – рухы мықты сарбаздан

Шекара шебіндегі қызмет – төзімділік пен табандылықты талап ететін ерекше сала. Табиғаттың қатал жағдайлары, тәулік бойғы қырағылық пен жоғары жауапкершілік әрбір әскери қызметшіден мықты рух пен үлкен шыдамдылықты талап етеді.

44 | Шекараның нәзік қорғаны

«Отан – оттан да ыстық», «Туған жерге туынды тік» деген халық даналығы ұрпақтан-ұрпаққа осы қасиеттерді сіңіріп келеді.

ШЕКАРА МЕНІҢ – ТАҒДЫРЫМ

47 | «Бәрі басталған жерінде аяқталады...»

Шексіз дала, жолсыз кеңістік, сусыз шөлейт аймақтар – мұның бәрі Қазақстан Республикасының жері. Оны қорғау мен күзету – біздің міндетіміз.



СПЕЦИАЛИСТ

54 | На линии доверия государства

История человека который однажды сделал выбор и ежедневно подтверждает его делом.

57 | Чемпион бапкері



Қазақ спортында үлкен жеңістерге жеткен әрбір чемпионның артында оны шыңдаған ұстаз тұратыны белгілі.

60 | Үздік шекарашы – қауіпсіздік кепілі

Кәсіби маман болу үшін де кәсіби жоғары оқу орнын тәмамдаған абзал. Маманды маман ететін, антына адал ететін шекарашылар ұстаханасы

63 | Там, где возвращают в строй: полный спектр восстановления здоровья

Современная военная медицина требует не только оперативности, но и гибкости в подходах к лечению. Сегодня особую роль играет помощь, позволяющая эффективно восстанавливать здоровье без отрыва от службы и привычного ритма жизни.





Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің екі айда бір шығатын сараптамалық, публицистикалық және әдеби-көркем журналы

4

БАС РЕДАКТОР Рахат Нурғалиев (8-7172-570038)

РЕДАКТОР Азамат Муханов (8-7172-570712)

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ Асель Беимбетова (8-7172-570718)

Тілшілер Жанар Кемел, Олжас Жаксылыков, Айдос Киргизбаев, Диас Жамухамбетов

Аймақтық тілшілер Абай облысы - Ердос Қайртай

ШҚО - Ғалымжан Бакетов

Жетісу облысы - Манарбек Қарекенов

Алматы облысы - Тамара Дәулетбаева

Жамбыл облысы - Асыллан Жексенбин

Түркістан облысы - Рауан Асадилов

Қызылорда облысы - Әкімжан Төлебай

Маңғыстау облысы - Асхат Жаналипов

Ақтөбе облысы - Жасұлан Шармаков

Қостанай облысы - Нұрасыл Сакен

СҚО - Динара Мукажанова

Павлодар облысы - Гүлзада Садыкова

Фототілшілер Асхат Сәбиев, Аян Қайыр, Өмірбат Айтәлі, Диас Қуанышев, Айзат Нукешев

Корректорлар Майра Касенова, Өркен Шопашев

Компьютерлік бетті безендірген Индира Турманова, Асхат Сәбиев

Редакцияның мекенжайы

Астана қаласы,

Лепсі көшесі, 63-үй

Тел. 57-00-38, 72-81-57

Жарияланған материалдардың дұрыстығы үшін автор жауапты

Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды

Меншік иесі Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

2002 жылдың 22 сәуірінде тіркеліп, № 2877 – Ж. куәлігі берілген. 2002 жылдың мамыр айынан

бастап қазақ және орыс тілдерінде шығады. Индексі 75984

Электрондық нұсқасы ЕПІР ГО сайтында қол жетімді

(мемлекеттік органдардың бірегей интернет ресурстарының платформасы)



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТИНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША «ҮЗДІК ШЕКАРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ БӨЛІМІ» НОМИНАЦИЯСЫНЫҢ ИЕГЕРІ АТАНҒАН ӘСКЕРИ ҰЖЫМ - АЛАКӨЛ АУДАНЫ БОЙЫНША ШЕКАРА БАСҚАРМАСЫ «ДОСТЫҚ» ШЕКАРА БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ ПОДПОЛКОВНИК АЗАМАТ СҮЛЕЙМАНОВПЕН СҰХБАТ ҚҰРҒАН БОЛАТЫНБЫЗ.

- АЗАМАТ ЖАНДОСҰЛЫ, ӘҢГІМЕМІЗДІ ӨЗІҢІЗДЕН БАСТАСАҚ. СІЗДІҢ ШЕКАРАШЫ ОФИЦЕР АТАНУЫҢЫЗҒА, ЖАЛПЫ ӘСКЕРИ АДАМ БОЛУЫҢЫЗҒА НЕ СЕБЕП БОЛДЫ? ӘСКЕРИ ИНСТИТУТТАҒЫ ОҚУ ЖЫЛДАРЫҢЫЗ БЕН АЛҒАШҚЫ ҚЫЗМЕТ ЖОЛЫҢЫЗ ТУРАЛЫ АЙТЫП БЕРСЕҢІЗ.

- Мемлекеттік шекараны күзету – әрбір азамат үшін аса үлкен жауапкершілік пен зор сенім жүктейтін қасиетті міндет. Мен Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданының Құлан ауылының тумасымын. Бала кезімнен әскери адамдарға, ел қорғаны болған батырларға, шекарашыларға ерекше құрметпен қарайтынмын. Ел

тыныштығын күзетіп, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қызметтің маңызын ерте түсіндім. Сол себепті мектеп қабырғасында жүрген кезімнен болашақ өмірімді әскери қызметпен байланыстыруды мақсат еттім.

ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институтына оқуға түсіп,

2010 жылы оны сәтті аяқтадым. Институт қабырғасында біз тек әскери білім алып қана қойған жоқпыз. Ең алдымен, офицерге тән тәртіп, жауапкершілік, төзімділік, Отанға адалдық сияқты қасиеттерді бойымызға сіңірдік. Болашақ шекарашы офицерлер ретінде ел қауіпсіздігі үшін қызмет етудің маңызын терең түсіндік.

Офицерлік қызмет жолымды 2010 жылы «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасында бастадым. Алғашқы жылдары «жүктік» шекаралық бақылау бөлімінде аға бақылаушы болып қызмет атқардым. Бұл қызмет маған шекаралық бақылау жүйесінің барлық қыр-сырын тәжірибе жүзінде үйренуге мүмкіндік берді. Әсіресе халықаралық жүк тасымалы кезінде заң талаптарын сақтау, құжаттарды тексеру, шекарадан өтетін тауарлар-



дың қауіпсіздігін бақылау сияқты маңызды міндеттер үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Одан кейінгі әскери қызметім «Көлжат» шекаралық бақылау бөлімінде жалғасты. Түрлі лауазымдарда – аға бақылаушы, бөлімше бастығы ретінде қызмет атқардым. Бұл кезең кәсіби тұрғыдан қалыптасуымда ерекше орын алады. Әрбір жана қызмет орны тәжірибемді арттырып, жауапкершілігімді күшейтті.

Кейін «Қорғас» ШХБЮ шекаралық бақылау бөлімінде бөлімше бастығы, «Нұр жолы» жолаушылар өткізу пунктінде бөлім бастығының орын-

басары, ал «Алтынкөл» теміржолдық шекаралық бақылау бөлімінде бөлім бастығының орынбасары және кейіннен бөлім бастығы болып қызмет атқардым.

Осы жылдар ішінде мемлекеттік шекараны қорғау барысында көптеген құқықбұзушылықтардың жолы кесілді. Атап айтқанда, мемлекеттік шекараны заңсыз бұзуға әрекет жасаған 25 адам анықталды. Сонымен қатар өткізу пункттерінде тәртіп бұзған 100-ден астам азамат, мемлекеттік шекара режимін бұзған 30-дан астам тұлға жауапкершілікке тартылды. Контрабандалық сипаттағы 18 факті анықталып, олардың ішінде вейп темекілері мен ақбөкен мүйіздерін заңсыз өткізу әрекеттері болды. Осы фактілер бойынша қылмыстық істер қозғалып, кінәлі тұлғалар заң аясында жауапкершілікке тартылды.

2024 жылдан бастап ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының «Достық» шекаралық бақылау бөлімінің бастығы қызметін атқарып келемін. Бұл – мен үшін үлкен сенім әрі зор жауапкершілік. Мемлекеттік шекараны күзету – тек қызмет емес, бұл әрбір шекарашының өмірлік миссиясы деп білемін.

- Қазіргі таңда сіз басқарып отыр-

ған «Достық» шекаралық бақылау бөлімі Қазақстан мен Қытай арасындағы маңызды стратегиялық нүктелердің бірі саналады. Достық ауылы мен осы аймақтың маңызы туралы айтып берсеңіз.

- Иә, «Достық» шекаралық бақылау бөлімі – еліміздің шығыс қақпаларының бірі саналатын, стратегиялық маңызы зор нысандардың қатарында. Бұл бөлім Жетісу облысы, Алакөл ауданына қарасты Достық ауылында орналасқан. Географиялық тұрғыдан алғанда, бұл өңір Қазақстан мен Қытай арасындағы маңызды өткелдердің бірі болып табылады. Сондықтан мұндағы шекаралық бақылау қызметінің жауапкершілігі де ерекше.

Достық ауылының тарихы да терең әрі өзіндік ерекшелігі бар. Ауыл 1956 жылы құрылған. Кенес дәуірінде бұл елді мекен «Дружба» деп аталған болатын. Тәуелсіздік алғаннан кейін тарихи әрі мазмұндық мәні зор «Достық» атауы қайта жаңғыртылып, ауылдың аты қазақы сипатқа ие болды. Бұл атаудың өзі халықтар арасындағы татулықты, өзара түсіністік пен ынтымақты білдіреді. Шекара маңында орналасқан елді мекен үшін мұндай атаудың символдық мәні ерекше деп айтуға болады.

Географиялық орналасуына келсек, Достық ауылы Жоңғар қақпасы маңында орналасқан. Жоңғар қақпасы – табиғи-географиялық тұрғыдан алғанда Орталық Азиядағы ең маңызды өткелдердің бірі. Ежелгі заманнан бері бұл өңір арқылы түрлі халықтардың көш жолдары өткен, сауда керуендері қатынаған. Ұлы Жібек жолының бір тармағы дәл осы аймақ арқылы өтіп, Шығыс пен Батысты жалғаған маңызды байланыс арнасы болғаны белгілі. Сондықтан бұл өңірдің стратегиялық маңызы тарихтың әр кезеңінде жоғары болып келді.

Кенес дәуірінде бұл аймақта теміржол желісі тартылып, кедендік, әскери және шаруашылық инфрақұрылымдар салынды. Нәти-



жесінде Достық елді мекені шекара маңындағы маңызды көлік және логистикалық орталықтардың біріне айналды. Әртүрлі ұлт өкілдерінің қоныстануы нәтижесінде көпұлтты ауыл қалыптасты. Бүгінде бұл жердегі тұрғындар бірлік пен татулықтың үлгісін көрсетіп келеді.

Статистикалық деректерге сүйенсек, 1999 жылы ауыл халқы 2688 адамды құраса, 2021 жылғы халық санағы бойынша бұл көрсеткіш 6314 адамға жеткен. Бұл – өңірдің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамып, халық санының да біртіндеп өсіп келе жатқанын аңғартады.

Қазіргі таңда Достық ауылы Қазақстан мен көрші ел арасындағы халықаралық көлік дәліздерінің маңызды торабына айналып отыр. Теміржол және автомобиль жолдары арқылы жүзеге асатын халықаралық қатынастар бұл өңірдің экономикалық және стратегиялық маңызын одан әрі арттыруда. Сондықтан мұнда орналасқан «Достық» шекаралық бақылау бөлімінің басты міндеті – мемлекеттік шекараның мызғымас қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, халықаралық қатынастардың заң талаптарына сай әрі тұрақты жүзеге асуына жағдай жасау.

- «Достық» шекара бөлімі автокөліктік және теміржолдық екі бөлімшеден тұратыны белгілі. Осы бөлімшелердің қызмет ерекшеліктері туралы айтып берсеңіз.

- Дұрыс айтасыз, «Достық» шекаралық бақылау бөлімі құрылымы жағынан екі негізгі бағытта қызмет атқарады. Олар – автокөліктік және теміржолдық шекаралық бақылау бөлімшелері. Бұл екі бөлімше де Қазақстан мен Қытай арасындағы халықаралық қатынастың маңызды арналарын қамтып, мемлекеттік шекарадан өтетін тұлғалар мен көлік құралдарына, сондай-ақ жүк тасымалына шекаралық бақылауды жүзеге асырады.

Алдымен автокөліктік шекаралық бақылау бөлімшесіне тоқталсақ, бұл



өткізу пункті арқылы негізінен жолаушылар мен автокөліктердің қозғалысы жүзеге асырылады. Мұнда шекарадан өтетін азаматтардың құжаттары тексеріліп, көлік құралдарына тиісті бақылау жүргізіледі. Сонымен қатар көші-қон заңнамасының сақталуы, шекара режимінің талаптары және халықаралық тасымал ережелері қатаң бақылауда ұсталады.

2025 жылдың мамыр айынан бастап «Достық» (автокөліктік) шекаралық бақылау бөлімшесі жана, заманауи өткізу пунктіне көшті. Бұл өз кезегінде өткізу пунктінің инфрақұрылымын айтарлықтай жақсартып, шекарадан өтетін адамдар мен көлік құралдарын қабылдау мүмкіндігін едәуір арттырды. Заманауи техникалық құралдармен жабдықталған жаңа нысан бақылау жұмыстарын жедел әрі тиімді жүргізуге мүмкіндік беріп отыр.

Өткізу пунктінің жұмысына жүргізілген салыстырмалы талдау да осы өзгерістердің нәтижесін айқын көрсетеді. Мәселен, 2015 жылы бұл өткізу пункті арқылы 38 мыңнан астам адам өткен болса, он жылдан кейін, яғни 2025 жылы бұл көрсеткіш 170 мыңнан асып отыр. Яғни жолаушылар ағыны шамамен төрт есеге артқан. Сол сияқты көлік құралдарының қозғалысы да айтарлықтай өскен. Егер 2015 жылы шекарадан 18 мыңнан астам көлік өткен болса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 142 мыңға дейін жетіп, жеті есеге жуық көбейді. Бұл, бір жағынан, халықаралық экономикалық және сауда байланыстарының дамып келе жатқанын көрсетсе, екінші жағынан шекаралық бақылау қызметіне жүктелетін жауапкершіліктің де артып отырғанын аңғартады.

Ал теміржолдық шекаралық бақылау бөлімшесіне келетін болсақ, оның да стратегиялық маңызы өте жоғары. Бұл бөлімше арқылы Қазақстан мен Қытай арасындағы халықаралық теміржол қатынасы жүзеге асырылады. Әсіресе халықаралық жүк тасымалында бұл бағыттың орны ерекше.

Теміржол қатынасының өзіндік



ерекшеліктерінің бірі – екі елдегі теміржол табандарының ені әртүрлі болуы. Қазақстанда теміржол табанының ені 1520 миллиметр болса, Қытай Халық Республикасында 1435 миллиметрді құрайды. Сондықтан шекара маңында арнайы техникалық жұмыстар жүргізіліп, вагондарды қайта бейімдеу немесе жүк ауыстыру сияқты процестер жүзеге асырылады. Бұл жұмыстардың барлығы шекаралық және кедендік бақылаумен қатар жүргізіледі.

«Достық» теміржол өткізу пункті теміржол станциясының «Т» паркінде орналасқан. Бұл аумақта жолаушылар пойыздары мен жүк құрамдарына шекаралық және кедендік бақылау жүргізіледі. Инфрақұрылымдық мүмкіндіктеріне келсек, өткізу пункті тәулігіне 48 жүк пойызына дейін қабылдауға қабілетті. Іс жүзінде тәулігіне орта есеппен 30–40 жүк пойызына бақылау жүргізіледі.

Жалпы алғанда, автокөліктік және теміржолдық бөлімшелер бір-бірін толықтырып, халықаралық көлік қатынастарының қауіпсіз әрі заң талаптарына сәйкес жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Бұл бағыттағы басты мақсат – мемлекеттік шекараның мызғымас қауіпсіздігін сақтау, сонымен қатар халықаралық қатынастардың тұрақты әрі тиімді жүзеге

асуына жағдай жасау.

– 2025 жылдың қорытындысы бойынша «Достық» шекара бөлімі «Үздік шекара бөлімі» номинациясын жеңіп алды. Бұл жетістікке жетудің негізгі себептері қандай?

- Өткен жылдың қызметтік-жауынгерлік қызметінің қорытындысы бойынша «Достық» шекаралық бақылау бөлімінің «Үздік шекара бөлімі» номинациясын жеңіп алуы – ең алдымен бөлім жеке құрамының бірлігі мен кәсіби шеберлігінің, сондай-ақ өз міндеттеріне деген жауапкершілігінің айқын нәтижесі деп айтуға болады. Мемлекеттік шекараны қорғау – үлкен тәртіпті, қырағылықты және үйлесімді жұмысты талап ететін күрделі қызмет. Сондықтан мұндай жетістікке жету – бір адамның емес, бүкіл ұжымның бір мақсатқа жұмыла еңбек етуінің жемісі.

Шекара қызметінде әрбір әскери қызметшінің атқаратын міндеті айрықша маңызды. Шекаралық бақылауды жүзеге асыру барысында азаматтардың құжаттарын тексеру, көлік құралдарына бақылау жүргізу, шекаралық режимнің сақталуын қадағалау, көші-қон заңнамасының талаптарын орындау сияқты көптеген жауапты жұмыстар атқарылады. Осы міндеттердің барлығы жоғары кәсібилік пен тәртіпті талап етеді.

Бөлімнің жұмысы тек мемлекеттік шекарадан өтетін азаматтар мен көлік құралдарын бақылаумен ғана шектелмейді. Сонымен қатар шекара режимінің сақталуын қамтамасыз ету, құқықбұзушылықтардың алдын алу, заңсыз әрекеттердің жолын кесу бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізіледі.

Мысалы, «Достық» (автомобильдік) өткізу пунктінде өткізу режимін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 513-бабының 1-бөлігі 1-тармақшасына сәйкес 2024 жылы 39 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Ал 2025 жылы мұндай құқықбұзушылық жасаған 35 азамат анықталды. 2026 жылдың алғашқы айының өзінде 8 азаматқа қатысты әкімшілік шаралар қолданылды. Бұл көрсеткіштер шекаралық бақылаудың жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

Сонымен қатар көші-қон заңнамасын бұзу фактілері де анықталып отырады. Мәселен, 2024 жылы көші-қон саласындағы құқықбұзушылықтарға байланысты 37 азамат жауапкершілікке тартылса, 2025 жылы мұндай фактілер саны 8 азаматты құрады. Бұл, бір жағынан, шекаралық бақылаудың тиімділігін көрсетсе, екінші жағынан жүргізіліп жатқан түсіндіру және алдын алу жұмыстарының нәтижесін де аңғартады.

Теміржол өткізу пунктінде де заң талаптарының сақталуына ерекше назар аударылады. Мұнда халықаралық жүк және жолаушылар пойыздарына шекаралық бақылау жүргізіліп, құқықбұзушылықтардың алдын алу бағытында тұрақты жұмыстар атқарылады. Заң талаптарын бұзу фактілері анықталған жағдайда, тиісті заңнамаларға сәйкес шаралар қабылданып, құқықбұзушылар жауапкершілікке тартылады.

Жалпы алғанда, «Үздік шекара бөлімі» атағына ие болу – біздің бөлім үшін үлкен мәртебе әрі зор жауапкершілік. Бұл жетістік бізді одан әрі

жігерлендіріп, мемлекеттік шекараны қорғау ісінде қырағылық пен кәсібилікті арттыра түсуге үндейді. Біздің басты мақсатымыз – ел шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, мемлекетіміздің тыныштығы мен тұрақтылығын сақтауға өз үлесімізді қосу.

- Шекара – мемлекеттің айбыны мен қауіпсіздігінің кепілі. Бүгінгі «Достық» шекара бөлімінің жеке құрамы туралы не айтар едіңіз? Жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

- Шынында да, мемлекеттік шекара – кез келген елдің тәуелсіздігі мен тұтастығын айқындайтын басты нышандардың бірі. Сондықтан шекараны күзету – мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі аса маңызды әрі жауапты міндет. Бұл қызмет тек әскери тәртіппен ғана шектелмейді, ол әрбір шекарашыдан жоғары кәсібилікті, қырағылықты, төзімділікті және ең бастысы Отанға деген шынайы сүйіспеншілікті талап етеді.

Бүгінгі таңда «Достық» шекаралық бақылау бөлімінде қызмет атқарып жүрген жеке құрам – өз ісіне берілген, кәсіби дайындық деңгейі жоғары, тәжірибелі әскери қызметшілерден құралған ұжым. Олардың әрқайсысы мемлекеттік шекараны қорғау ісінде үлкен жауапкершілік жүгін арқалап келеді. Бөлімнің қызметкерлері тәулік бойы қырағылық танытып, мемлекеттік шекарадан өтетін тұлғалар мен көлік құралдарын бақылап, заң талаптарының мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етеді.

Шекарашы болу – тек әскери форма киіп, қызмет атқару ғана емес. Бұл – ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мемлекетіміздің тыныштығы мен тұрақтылығын қорғау, халықтың бейбіт өмір сүруіне жағдай жасау деген сөз. Әрбір шекарашы өзінің қызметін тек міндет ретінде емес, үлкен азаматтық борыш әрі қасиетті парыз ретінде қабылдайды. Сондықтан да шекара қызметінде тәртіп, жауапкершілік, адалдық және сергектік сияқты қасиеттер ерекше бағаланады.

«Достық» шекара бөлімінің жеке құрамы да осы талаптарға сай қызмет атқарып келеді. Біздің әскери қызметшілеріміздің қатарында тәжірибелі офицерлермен қатар, өз ісін жаңа бастап жатқан жас мамандар да бар. Олар үлкендердің тәжірибесінен үйреніп, қызмет барысында шыңдалып, кәсіби тұрғыдан қалыптасып келеді. Ұжымдағы бірлік пен өзара қолдау – бөлімнің тұрақты әрі нәтижелі жұмыс істеуінің негізгі кепілі деп айтуға болады.

Сонымен қатар жас офицерлер мен әскери қызметшілерді тәрбиелеу ісіне де ерекше көңіл бөлінеді. Біз қызмет барысында тәртіпке, заң талаптарын қатаң сақтауға, сондай-ақ патриоттық рухты қалыптастыруға баса мән береміз. Себебі шекарашының басты күші – оның рухани беріктігі мен ел алдындағы жауапкершілікті терең сезінуінде.

Ал жастарға айтарым – Отанға қызмет ету әрбір азамат үшін үлкен мәртебе. Бүгінгі таңда еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шекара қызметінің орны ерекше. Егер жастардың жүрегінде елге қызмет етемін деген шынайы ниет болса, олар үшін шекара қызметі үлкен өмір мектебі бола алады. Мұнда адам тек әскери маман ретінде ғана емес, азаматтық тұрғыдан да қалыптасады, тәртіпке үйренеді, жауапкершілікті сезінеді.

Шекара қызметін тандаған жас буын – еліміздің болашағы, мемлекетіміздің қауіпсіздігінің кепілі. Сондықтан жастарға айтар кеңесім – білім алып, өз мақсаттарына адал болып, Отанға қызмет етуден ешқашан тайынбау. Себебі туған елдің тыныштығын қорғау – әрбір азамат үшін ең үлкен құрмет әрі абырой!

Суреттерді түсірген автор.

Манарбек ҚАРЕКЕНОВ, подполковник.



РУБЕЖ, ГДЕ СЛУЖБА СТАНОВИТСЯ СУДЬБОЙ

РЕПОРТАЖ С ПОГРАНИЧНОГО ОТДЕЛЕНИЯ «ТАЛСАЙ»

— Наряд готов?

Начальник пограничного отделения «Талсай» капитан Расул Сапашев внимательно оглядывает строй. Пограничные сутки в пограничном отделении «Талсай» начинаются с привычного ритуала - боевого расчета и постановки приказа. Короткие команды, проверка экипировки, уточнение маршрутов. Кто-то отправится в патруль вдоль линии границы, кто-то будет нести службу на наблюдательных позициях.

Через несколько минут машины уйдут в степь. И начнутся очередные сутки на рубеже.

Северная граница в этих местах кажется спокойной. Бескрайняя степь, редкие лесополосы, грунтовые дороги, уходящие к горизонту. Но пограничники хорошо знают: за этой тишиной стоит постоянная работа - вни-

мательная, требующая опыта и выдержки.

Так живёт и работает пограничное отделение «Талсай» - одно из подразделений, которое уже более двадцати лет охраняет северные рубежи страны.

История подразделения началась весной 2002 года. Именно тогда в Кызылжарском районе Северо-Казахстанской области, недалеко от старинного села Налобино, была сформирована пограничная застава «Талсай».

Место это имеет свою историю. Первые поселения здесь появились ещё в XVIII веке. По преданию, в 1782 году сюда был сослан крестьянин по имени Демьян, который и положил начало будущему селу. Позднее сюда переселились другие люди, а один из них - Налобин - дал название селу.

Когда на северных рубежах страны формировалась новая система охраны Государственной границы, именно здесь появилась пограничная застава.

Её первым начальником стал лейтенант Д.Есенжаров.

26 мая 2002 года на охрану государственной границы вышел первый пограничный наряд в составе младшего сержанта Ж.Койшыбаева и рядового М.Молдахметова. Тогда многое приходилось начинать буквально с нуля: обустроить военный городок, налаживать службу, создавать коллектив.

Но уже в первые годы стало ясно - у нового подразделения есть характер.

В 2003 году по итогам обустройства военного городка застава заняла первое место среди подразделений Петропавловского пограничного отряда. Здесь же проходили первые сборы офицерского состава.

А в декабре того же года произошёл эпизод, который навсегда вошёл в историю подразделения. Пограничный наряд «Дозор» задержал первых нарушителей Государственной границы. Для молодой заставы это стало настоящим экзаменом - и он был сдан успешно.

Со временем «Талсай» стал одним из сильных подразделений пограничного отряда.

В разные годы военнослужащие заставы становились лучшими в своих направлениях службы.

Сержант Олег Нужный был признан лучшим командиром отделения Петропавловского пограничного отряда, а позже - лучшим дежурным пограничной комендатуры «Мамлютка». Старший сержант Валерий Сулов стал лучшим водителем отряда. Старший сержант Алексей Горичев был признан лучшим инструктором розыск-



ной собаки Регионального управления «Солтүстік».

Особой гордостью подразделения является прапорщик Евгений Изотов. Он входил в сборные Петропавловского пограничного отряда и Регионального управления «Солтүстік», занимал призовые места в соревнованиях по военному троеборью, полевой стрельбе, лёгкой



атлетике и мини-футболу. Сегодня он передаёт свой опыт молодым, тренируя легкоатлетическую команду Департамента ПС КНБ по Северо-Казахстанской области.

Большое внимание на заставе уделяется и воспитательной работе. В разные годы офицеры подразделения становились лучшими в регионе.

Сегодня пограничное отделение возглавляет капитан Расул Сапашев. До назначения на «Талсай» он проходил службу в Кызылординской области. Коллеги отмечают его принципиальность, требовательность и умение находить общий язык с личным составом.

У офицера подрастают двое дочерей. Его супруга родом из Кызылорды и является участницей конкурса «Шекара аруы-2026».

Для офицера семья - надёжный тыл, который помогает выдерживать ритм пограничной службы.

Служба на заставе состоит из сотен обычных, на первый взгляд, деталей.

Утренний развод нарядов. Проверка техники перед выходом в степь. Тихий лай служебной собаки у вольеров. Запах дизеля у машин, готовящихся к патрулированию.

Каждый день начинается одинаково - и каждый день может принести новую ситуацию.

Пограничники говорят: граница не любит суеты,

но требует постоянной внимательности. Любая мелочь может оказаться важной.

Именно поэтому опыт, дисциплина и слаженность подразделения здесь ценятся особенно высоко.

12

Но жизнь пограничного отделения не ограничивается только службой. Для приграничного села Налобино военнослужащие давно стали частью местного сообщества. Отделение поддерживает тесную связь со школой, сельским акиматом, Домом культуры и местным музеем.

Пограничники участвуют в патриотических встречах со школьниками, помогают организовывать мероприятия, посвящённые государственным праздникам и памятным датам, а также различные спортивные состязания.

Особое внимание уделяется пожилым жителям села. Военнослужащие регулярно помогают одиноко проживающим пенсионерам: зимой расчищают снег во дворах, помогают по хозяйству, привозят дрова и воду.

Для сельчан это уже стало привычным - рядом всегда есть люди в зелёных фуражках, готовые прийти на помощь.

– Здесь все друг друга знают, - говорят пограничники. Мы живём рядом с местными жителями, поэтому всегда стараемся поддерживать друг друга.

К вечеру степь постепенно стихает. Над дорогами поднимается прохладный ветер, и в отделение начинают возвращаться наряды.

Машины одна за другой въезжают на территорию подразделения. Доклады, короткие разговоры, подготовка к следующей смене.

Через несколько часов на рубеж выйдет новый наряд.

Так продолжается уже более двух десятилетий.

И пока на пограничном отделении «Талсай» звучит команда:

– На защиту и охрану Государственной границы шагом - МАРШ!

Северная граница Казахстана остаётся под надёжной защитой.

Фото из подразделения границы.

Динара МУКАЖАНОВА, майор.





БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕНІ ҰШТАСТЫРҒАН

МЕМЛЕКЕТТИҢ МЫЗҒЫМАС ТІРЕГІ – ОНЫҢ ШЕКАРАСЫ. ШЕКАРА – КАРТАДАҒЫ СЫЗЫҚ ҚАНА ЕМЕС, ОЛ – ЕЛДІКТИҢ АЙНАСЫ, ТӘУЕЛСІЗДІКТИҢ ТҰҒЫРЫ, ҰЛТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ АЛҒЫ ШЕБІ. ҰЛАН-ҒАЙЫР АУМАҚТЫ АЛЫП ЖАТҚАН ҚАЗАҚСТАН ҮШІН БҰЛ ҰҒЫМНЫҢ САЛМАҒЫ ТІПТІ ЕРЕКШЕ. МЫҢДАҒАН ШАҚЫРЫМҒА СОЗЫЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАНЫҢ ӘР ҚАРЫС ЖЕРІ – ҚЫРАҒЫЛЫҚ ПЕН ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕКТИҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ҒАНА ҚОРҒАЛАДЫ. СОЛ ЖАУАПТЫ МІНДЕТТІ АБЫРОЙМЕН АТҚАРЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН БӨЛІМДЕРДІҢ БІРІ – ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНЕ ҚАРАСТЫ «ЖАЙСАН» ШЕКАРА БӨЛІМІ.

Батыс бағытындағы бұл шеп – стратегиялық маңызы жоғары аумақ. Мұнда тәулік тынысы шекара нарядтарының қадамына, байланыс құралдарының дабылына, бақылау жүйелерінің үнсіз қызметіне тәуел-

ді. Қандай мезгіл, қандай ауа райы болмасын, шекарашының міндеті мемлекеттің шебін қырағы күзету.

2025 жылдың қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетінің қорытындысы бойынша «Жайсан» шекара бөлімі

«Үздік шекара бөлімі» атанып, бөлім бастығы «Үздік шекара бөлім бастығы» номинациясына ие болды. Бұл жетістік – бір күннің немесе бір науқанның нәтижесі емес. Бұл – жүйелі жұмыстың, темірдей

тәртіптің, кәсіби талаптың жемісі.


2024 жылдың қазан айынан бері бөлімге басшылық ете бастаған подполковник Азиз Расулов қысқа мерзім ішінде ұжымды жаңа деңгейге көтере білді. Ол ең алдымен әскери тәртіпті күшейтуге, жеке құрам арасындағы жауапкершілікті арттыруға басымдық берді. Нәтижесінде бөлімде өрескел тәртіп бұзушылыққа жол берілген жоқ. Бұл – әскери орта үшін аса маңызды көрсеткіш.

Азиз Абдужапарович басқару ісінде талап пен әділеттілікті қатар ұстайды. Оның жұмыс стилі – нақты міндет, айқын талап, үздіксіз бақылау. Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету, шекара инфрақұрылымын жетілдіру, рационализаторлық ұсыныстарды енгізу – бөлім жұмысының басым

бағыттарына айналды. Әрбір учаскедегі бақылау-із кесу жолақтары, инженерлік бөгеттер мен техникалық құралдар уақыт талабына сай күшейтіліп келеді.

Командир үшін басты құндылық – адам факторы. Ол жас офицерлердің кәсіби қалыптасуына ерекше көңіл бөледі. Тәжірибелі офицер ретінде ол білім мен тәжірибені бөлісуді борыш санайды. Жас буынға бағыт-бағдар беру, олардың бойында бастамашылық пен жауапкершілікті қалыптастыру – бөлім бастығының күнделікті жұмысындағы маңызды міндеттердің бірі.

Қызмет барысында Азиз Расулов департамент басшылығының, Шекара қызметі директорының және Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының



алғыс хаттары мен құрмет грамоталарына, наградалық төсбелгілер мен медальдарға ие болған. Дегенмен, оның пайымдауынша, ең үлкен марапат – сенім. Әріптестерінің сенімі мен отбасының амандығы – офицер үшін ең биік құндылық.

Бөлімнің күнделікті тыныс-тіршілігі мен жауынгерлік әзірлігін үйлестіруде штабтың рөлі айрықша. Бұл бағытта «Жайсан» шекара бөлімі бастығының орынбасары – штаб бастығы капитан Дархан Қаденнің еңбегі зор.

1995 жылы Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданындағы Амангелді ауылында дүниеге келген ол 2013–2017 жылдары ҰҚК Шекара академиясында білім алды. Академия қабырғасында әскери істің теориялық негіздерін меңгеріп қана қоймай, болашақ офицерге тән төзімділік пен тәртіпке үйренді.

2024 жылдың қазан айынан бастап аталған лауазымға тағайындалған Дархан Қаден бөлімдегі жоспарлау, талдау, құжат айналымы, жауынгерлік дайындық кестесін үйлестіру жұмыстарын жүйелі жүргізіп келеді. Оның жинақылығы мен талапшылығы бөлімнің ырғақты қызмет етуіне ықпал етуде.



Отбасылы, бір қыз бен бір ұлдың әкесі ретінде ол отбасы жауапкершілігін де жоғары қояды. Қызмет пен отбасы арасындағы тепе-теңдікті сақтау – офицердің ішкі тәртібі мен өмірлік ұстанымының көрінісі.

«Жайсан» шекара бөліміне қарасты үш шекара бөлімшесі мемлекеттік шекараның әртүрлі учаскелерінде қызмет атқарады. Әрқайсысының жүктемесі мен ерекшелігі бөлек болғанымен, ортақ мақсат – ел тыныштығын сақтау.

«Жайсан» шекара бөлімшесі 2001 жылдың 7 қыркүйегінде Ақтөбе облысы, Жайсан ауылында құрылды. Бүгінде Ресей Федерациясымен шектесетін 43 шақырымдық аумақты күзетеді. Бұл бағыт – көлік қатынасы мен қозғалыс белсенділігі жоғары аймақтардың бірі. Сондықтан мұнда шекара нарядтарының қызметі ерекше қырағылықты талап етеді. Тәулік бойғы патрульдеу, бақылау-із кесу жолақтарын тексеру, инженерлік құрылғыларды қарау – күнделікті міндет.

«Байторысай» шекара бөлімшесі 2003 жылғы 16 маусымда Байторысай ауылында құрылған. Оның жауапкершілік аумағы – 80 шақырым. Табиғи бедері күрделі, алқабы кең бұл учаскеде шекара күзету ісі жоғары үйлесімділікті қажет етеді. Мұнда тәжірибелі әскери қызметшілер мен ынталы жас офицерлер бір сапта еңбек етуде.

Ал 2001 жылдың 7 тамызында Ақтөбе облысының Өлімбет ауылында құрылған бөлімше 185 шақырымдық мемлекеттік шекараны күзетіп отыр. Аумағы жағынан ең ұзын бағыттардың бірі саналатын бұл учаске – төзім мен шыдамдылықтың мектебі. Қысқы боран мен жазғы аптапта да наряд қызметі тоқтамайды.

Шекара қызметі – үздіксіз дайындықты талап ететін сала. Бөлімде



жауынгерлік әзірлік сабақтары, атыс дайындығы, тактикалық оқу-жаттығулар тұрақты өткізіледі. Әрбір әскери қызметші өз қаруын жетік меңгеріп, төтенше жағдайларда жедел әрекет етуге дайын болуы тиіс.

Инженерлік-техникалық қамтамасыз ету де назардан тыс емес. Бақылау жүйелері, байланыс құралдары, көлік техникасы – барлығы үнемі тексерістен өткізіліп, жарамдылығы қадағаланады. Заманауи тәсілдер мен тәжірибелік машық үйлесім тапқанда ғана шекара шебі сенімді қорғалады.

«Жайсан» шекара бөлімі жергілікті тұрғындармен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Ауыл азаматтарынан құралған ерікті жасақтар шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне атсалысып келеді. Олармен жүйелі түрде оқу-семинарлар өткізіліп, құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Бұл – екіжақты сенімге негізделген байланыс. Шекара қауіпсіздігі – тек әскери құрылымның ғана емес, тұтас қоғамның ортақ міндеті екенін бөлім ұжымы жақсы түсінеді.

Бөлімнің тәрбие және идеологиялық жұмыстары да кешенді түрде ұйымдастырылған. «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының жұмысы – соның бір дәлелі. Мектеп

оқушылары үшін ашық есік күндері, әскери бөлімге экскурсиялар, ерлік сабақтары өткізіледі. Спорттық жарыстар мен патриоттық кездесулер жас буынның ел қорғау ісіне қызығушылығын арттыруға бағытталған.

Бүгінгі жасөспірім – ертеңгі офицер. Сондықтан отансүйгіштік рухты ерте қалыптастыру – стратегиялық маңызы бар міндет.

«Жайсан» шекара бөлімі – даңғаз а ұраннан гөрі нақты іске мән беретін ұжым. Мұнда әр офицер мен келісімшарт бойынша қызмет ететін әскери қызметші шекара күзетуді қасиетті борыш деп қабылдайды. Қырағылық пен тәртіп, табандылық пен сенім – олардың күнделікті ұстанымы.

Бейбіт өмірдің бағасын шепте тұрғандар жақсы біледі. Себебі олар – ел тыныштығының алғы шебінде. «Жайсан» шекара бөлімінің шекарашылары үшін мемлекеттік шекара – жай ғана сызық емес, ол – аманат. Сол аманатқа адалдық – олардың басты серті.

Суреттерді түсірген автор.

**Жасұлан ШАРМАКОВ,
аға лейтенант.**



ТЕМІР ЖОЛДЫҢ ТЕМІР ЫРҒАҒЫМЕН...

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты Меркі теміржолдық шекаралық бақылау бөлімшесі – қозғалыс тоқтамайтын, уақыт бір сәтке де кідірмейтін, теміржолдың темір ырғағымен тыныстайтын ерекше қызмет орны.

Меркі ауылының тіршілігі баяғыдан-ақ жолдың бойында тулап жатқандай. Таңның атысымен бөлімшенің маңы оянып, кеш түсе қайта сабасына түседі. Бірақ дәл осы ырғақтың ортасында бір қалыптан айнымайтын тұрақ бар: шекаралық бақылау бөлімшесінің қызметі. Күн мен түн алмасқанда да, маусым өзгергенде де, жолаушы ағыны көбейіп, тірлік үдеген шақта да мұн-

дағы саптың сыры бұзылмайды. Себебі бұл ұжым үшін теміржол – жай қатынас құралы емес, ол – мемлекеттің қауіпсіздік кеңістігіне ұласатын жауапты арна.

Шекаралық бақылау бөлімшесінің бастығы майор Рахат Ораз – осы арнаның бойында тәртіпті түзу ұстап, талапты биік қоя білетін, жұмыс ырғағын дәл табатын басшы. Қызмет бабындағы тиянақ, қарауындағы



әр әскери қызметшіге бірдей талап, істің шын мәнін танитын сергектік – оның басқару мәнерінің өзегі. Сондықтан да заңды: қызметтік-жауынгерлік іс-әрекет қорытындысы бойынша 2025 жылы ол үздік шекалық бақылау бөлімшесінің бастығы атанды.

Меркі (теміржолдық) шекаралық бақылау бөлімшесінде ұжымның ұйымшылдығы – көзге бірден түседі. Мұнда әркім өз міндетін біледі, әркім әріптесінің демін сезеді. Қай кезде де бір-біріне сүйеніп үйренген, бір мақсатқа жұмылған ортада қызмет ету мағыналы. Бірі құжатқа мұқият болса, бірі жолаушымен тіл табысудың әдебін сақтайды; бірі техникаға қырағы, бірі тәртіп пен ішкі ережеге тірек. Осындай әртүрлі қабілет бір жерге тоғысқанда, бөлімшенің ішкі қуаты артады. Ұжым дегеніміз – қатар тұру ғана емес, бір-біріннің жауапкершілігінді бөлісе білу, ортақ міндеттің салмағын бірге көтеру. Меркі бөлімшесінің ерекшелігі де – осында.

Бұл бөлімшеде моральдық-пси-

хологиялық жағдайдың жоғары деңгейде болуы – кездейсоқ жетістік емес. Жан дүниесі орнықты, өзара сыйластыққа негізделген ортада ғана жауынгерлік қызметтің қиындығы жеңілдейді. Қиындық деген – көзге көрінбейтін қысым: уақыттың тығыздығы, адамдар легі, әртүрлі мінез, күтпеген жағдайлар. Осындайда адамды ұстап қалатын – ішкі тәртіп пен серіктестің сенімі. Меркі бөлімшесіндегі – әр әскери қызметшінің бір-біріне сүйеніш бола алатынын дәлелдейді. Бұл – сапқа тік қарайтын

мінез, қажет кезде сабыр сақтайтын мәдениет, ең бастысы – ортақ іске деген құрмет.

Теміржолдық бақылаудың өз табиғаты бар: ол – дәлдік пен ұқыптылықты сүйеді. Мұнда асығыстыққа орын жоқ, бірақ баяулық та жараспайды. Бір сәттік босаңсу – тұтас жүйеге әсер етуі мүмкін. Сол себепті бөлімше қызметшілері күн сайын кәсіби дағдысын шындап отырады: құжатқа мұқият көз жүгірту, ақпаратты салыстыру, талапқа сай рәсімдерді орындау, адамдармен сыпайы әрі нақты сөйлесу, кез келген жағдайда заң нормасын басшылыққа алу. Жолаушы үшін бұл – қалыпты тексеріс; ал шекарашы үшін – ел шебіндегі жауапты сүзгі.

Ұжымдық рухтың бір белгісі – бастамашылдық. Меркі бөлімшесінде тәртіп пен жауапкершілікке қоса, өз ісіне жанашырлық байқалады. Біреу жас маманға жөн сілтейді, біреу қызметті қабылдап аларда ұсақтүйекке дейін түсіндіреді, енді бірі кезекшіліктен кейін де дайындығын тоқтатпайды. Осындай көрінбейтін еңбек жиналып келіп, бөлімшенің жалпы деңгейін көтереді. Ең маңыздысы – мұнда «мен» дегеннен бұрын «біз» деген ұғым алға шығады. Қызметтің күретамыры да – осы.

Рахат Серіқұлы басқарған бөлім-





шеде талап бар жерде – тәртіп бар, тәртіп бар жерде – сенім бар. Сенім дегеніміз – артық сөз емес, күн сайын дәлелденетін ұстаным. Басшының әскери қызметшілерімен бір толқында болуы, әрқайсысының мінезі мен қабілетін ескере отырып жұмыс ұйымдастыруы ұжымның берекесін арттыра түседі. Жақсы басшылық – бұйрықпен ғана өлшенбейді, ол –

адамдардың ішкі мәдениетін тәрбиелеу, кәсіби өрістің бағытын дәл табу, ортақ мақсаттың мағынасын ұдайы ұқтыра білу.

Теміржол үстіндегі уақыт – әрдайым қозғалыс. Ал қозғалыстың қауіпсіз болуы үшін көзге көрінбейтін тірек керек. Меркі теміржолдық шекаралық бақылау бөлімшесі – дәл сондай тірек. Бұл бөлімше Меркі

ауылындағы тынысқа тыныштық, жолға жауапкершілік, тәртіпке тұғыр болып тұр. Қарапайым күндердің әр сағаты осындай қызметпен өріледі: сапқа тұру, кезекшілікке шығу, бекітілген тәртіпті сақтау, әрбір істі талаппен атқару. Кейде адам теміржолға қарап тұрып, ұзын темір жол шексіздікке кетіп бара жатқанын көреді. Сол шексіздікке ұласқан жолдың бойында Қазақстанның қауіпсіздігі де қатар жүретінін көпшілік байқай бермейді.

Меркі (теміржолдық) шекаралық бақылау бөлімшесінің бүгінгі келбеті – осы құндылықтардың тоғысқан тұсы. Бірлігі жарасқан ұжым, моральдық-психологиялық ахуалы жоғары орта, талапты да әділ басшының басқаруы – мұның бәрі бөлімшенің қызметін нықтап, ел сенімін бекіте түседі.

Теміржол бойындағы тіршілік тоқтамайды. Ал сол тоқтамайтын тіршіліктің қауіпсіз әрі заңды арнамен жүруі үшін Меркі кентінде шекаралық бақылаудың салмақты сабыры, жинақы тәртібі, бір үйдің баласындай ұйымшыл ұжымы бар. Бұл – көзге көрінбейтін, бірақ ел шебіндегі маңызы зор еңбек. Жол жүріп өткен әр пойыз – тіршіліктің дауысы болса, сол дауыстың қауіпсіз, сенімді шығуына үлес қосып тұрған Меркі теміржолдық шекаралық бақылау бөлімшесінің еңбегі – мемлекеттің тыныштығына қызмет ететін үнсіз жауапкершілік.

Суреттер бөлімшеден.

Асылхан ЖЕКСЕНВИН,
капитан.



РУХТЫ КІТАПТЫҢ МҰҚАБАСЫНАН ТАПҚАН...

СҰХБАТ АЛДЫНДАҒЫ СЫР. 2000 ЖЫЛ. АЛДЫМЕН ОҢТҮСТІКТЕ, СОДАН КЕЙІН СОЛТҮСТІК ПЕН БАТЫСТАҒЫ ШЕКАРАЛЫҚ ӨҢІРЛЕРДЕ ШЕКАРА ОТРЯДТАРЫ АШЫЛЫП ЖАТТЫ. ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙ ТАБИҒАТТЫҢ ТЕПЕРІШІМЕН БЕТПЕ-БЕТ КЕЛСЕ ДЕ БЕТТЕРІ ҚАЙТЫП КӨРМЕГЕН ШЕКАРАШЫЛАР ҚОЛДАРЫН ШЕКЕЛЕРІНЕ АПАРЫП «ҚҰП!» ДЕДІ ДЕ ЖАҢА ҚЫЗМЕТ ОРЫНДАРЫНА АТТАНЫП КЕТТІ. СОЛ СӘТ ОЛАР ӨЗДЕРІН АЛДА НЕ КҮТІП ТҰРҒАНЫН, БӘРІН БАСЫНАН БАСТАУ КЕРЕК ЕКЕНІН БІЛДІ, БІРАҚ ЖЕЛДІҢ ӨТІНДЕ ӘБДЕН ШЫҢДАЛҒАН ҚҰС ҰЙҚЫ, ТҮЛКІ ҚҰРСАҚ ЖАСЫЛ КҮНҚАҒАРЛЫЛАР ҚИЫНДЫҚТАН ҚОРЫҚПАЙТЫН... БІР ЖАҒЫНАН, БҰЛ – ШЕКАРАШЫЛАР ҮШІН «ЖАУЫНГЕРЛІК СЫНАҚ» БОЛАТЫН. СОНДАҒЫ «ЖАУЫНГЕРЛІК СЫНАҚТЫ» БАСТАРЫНАН ӨТКЕРІП, ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІНІҢ АУЫРТПАЛЫҒЫНА ТӨТЕП БЕРЕ БІЛГЕН ОФИЦЕРЛЕР МЕН КИНОЛОГ МАМАНДАРДЫҢ ІЗІН ЖАЛҒАП ЖҮРГЕНДЕР БАРШЫЛЫҚ. ШЕН ТАҚҚАН ОФИЦЕРЛЕР БЕЛГІЛІ, ҚЫЗМЕТТЕРІ ӨСІП, ГАРНИЗОНДАРҒА АУЫСТЫ. БЕЙНЕТТЕРІНІҢ ЗЕЙНЕТІН КӨРЕТІН ЖАСҚА ЖЕТКЕНДЕРІ ҚАНШАМА. ТЕК БҮГІНГІ МАҚАЛАМЫЗДЫҢ БАС КЕЙІПКЕРІНЕН БАСҚАЛАРЫ...



Бұл – ҰҚК Шекара қызметі Қызметтік кинология басқармасының иттерді даярлау, өсіру және көбейту бөлімінің старшинасы аға сержант Ғалым Шалғынбаев. Биыл запасқа шығуға дайындалып жүрген әскери қызметші. Әрине, еңбектен – зейнетке бет алған шекарашыны «Шекарашы» журналына емес, «Отан сақшысы» газетіне жазуға болатын еді... Өйткені, бұл – жылдар бойы қалыптасқан дәстүр. Дегенмен, осы жолы газеттің дәстүрін сәл «бұзуға» тура келген. Ғалымның құс ұйқы, түлкі құрсақ шекарашылардың бірі болғаны үшін...

Негізі, аталған басқарманың тарихы былай болып келеді. Ұжым 1976 жылы Ф.Дзержинский атындағы жоғары командалық шекара училищесінің бөлімшесі болып құрылған. 1982 жылы Қызыл Тулы Шығыс шекара округіне беріліп, округ әскерлеріне қызметтік иттерді өсіру, нұсқаушылар дайындау бойынша бөлім ұйымдастырылған. 1985 жылы құрылысы аяқталған питомник нысаны пайдалануға беріліп, 2125 әскери бөлімі деген шартты атаумен аталған. 1997 жылдан ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының бүй-

рығымен қызметтік иттер орталығы бөлек әскери бөлім болып қызмет істей бастайды.

Ол өзінің мерзімді қызметін 2000 жылдың күзінде қазіргі Райымбек ауданы бойынша шекара басқармасында бастапты. Осы жерден әрі қарай әңгіме тиегін өзі ағытсын:

– Шекара отрядында «қызмет итінің жетекшісі» деген мамандықты алдық. Осы кәсіпті ашылғанына көп болмаған қызметтік кинология басқармасында игеруге кірістік. Кинолог болу оңай шаруа емес. Итпен жұмыс істеу үшін тіл табыса білу керек. Жан-жақты дайындықтан өткен маман ғана шекарада қызмет етуге мүмкіндік алады. Біздің осылай басталған күндеріміз айлар мен жылдарға ұласып, арадан ширек ғасыр да өте шықты. Мерзімді қызметім аяқталған соң да осында бөлімше командирі болып қалдым. Өзім Алматы облысының Жамбыл ауданына қарайтын Ақтерек деген ауылынанмын.

... Өткенге қайта оралсам. Бізді қарсы алған қызметтік кинология басқармасы аяғынан енді қаз тұрып жатыр екен. Әлі қалыптасып болмаған сарбаз болсақта сезіндік. Бірақ, солай екен деп, қиындықтан қашқан жоқпыз, берілген бұйрықты тап-тұйнақтай етіп орындауға тырыстық. Бір жағынан, қызметіміз қызық болатын. Заставаға барып, шекараның бойындағы нағыз өмірді бастан кешірмесек те... Сосын да болар, мерзімді қызметім аяқталған соң басқарма басшылығы маған осында қызметке қалуға ұсыныс жасады. Мен бірден келістім.

– *Неге?*

– Шынымды айтсам, мұның себебі тым әріде жатыр. Мен шекарашылардың өміріне бала кезімнен қызығатынмын. Ал бұған мектептің кітапханасында көзіме бірден түскен кітаптың сыртқы мұқабасындағы итімен тұрған шекарашының суреті себепші болып еді. Білесіз бе, мені сол сәт әскери емес, оның қасындағы ит пен арттарындағы биік мұнара еді, өзіне магнитше тартқан... Сол күннен бастап, мен көрген сурет жатсам-тұрсам көз алдымнан кетпейтін болды. Қазір ойлап қарасам, сондағы бала арманым орындалыпты. Басқа емес, өзімнің шекара соқпағындағы саналы ғұмырымды қызмет иттерін даярлайтын орталықта өткізіп келемін. Осында өткізген ширек ғасырдың ішінде мен бөлімше командирінен бастап, қаншама жауапты лауазымдарды атқардым. Ең бастысы, өзіме ұнайтын кәсіппен айналыстым...

– *Шынында да қызық екен... Бірақ, кинолог деген бір ғана кәсіптің арқасында еліміздің бүкіл шекарасын аралаған боларсыз?*

– «Жасағанда бір күн бар, жарым айға бергісіз»

демекші, осы үшін де мен өзімді шекарамен байланыстырған тағдырыма ризамын. Мен осы жылдар ішінде еліміздің оңтүстігінде, батысы мен шығыстағы шекараларында болдым. Тіпті, айлап, шекарадан шықпаған кездеріміз көп. Әлі есімде, сондай іссапармен батыстағы Атырау шекара отрядының (қазіргі Атырау облысы бойынша департаментінің-авт.) «Жанбай» деген шекара бөлімшесіне бардық. Қазір қандай екенін білмеймін, сол жылдары шекарашылар заңсыз балық аулаушылар мен контрабандашыларды жиі ұстайтын. Осы мақсатта теңізге апаратын жолдың бойына блокпост қойылып, бізге көліктер мен ауыр жүк көліктерін тексеру жүктелді. Міне, сондай күндердің бірінде, кара базарда бағасы аспандап тұрған кара уылдырықты заңсыз әкетіп бара жатқан контрабандашылармен бетпе-бет келіп, теке-тіреске түскеніміз бар.

Сосын Семей жақтағы «Қызыл ауыл» шекара бөлімшесінің аумағында барлау-із кесу тобының құрамында қызмет атқару кезінде де контрабанда тиелген екі жүк көлігін тоқтату үшін іздеріне түсіп, шекараға жеткізбей қолға түсірдік. Түнде. Шекарашыларға ұсталып қалмас үшін Ресейдің жеріне өтіп кетпекші болып, қанша

жерден жанталасқандарымен, бізден құтыла алмады. Аң аулап жүріп, шекараның бергі бетіне өтіп кеткен ресейлік аңшыны ұстадық.

Бүгін осының барлығы мен үшін тарих болып қалды. Шекара шебіндегі... Бәрінен де, осы жылдардың ішінде бізді – мерзімді қызметтің бес сарбазын күшәк жая қарсы алған ұжымнан көп нәрсені үйрендік. Кинология саласының өз алдына бір әлем екеніне көз жеткіздік.

Мен қызметімді осында бастап, осы жерден зейнет демалысына шығуға дайындалып жүрмін. Қимаймын. Өйткені, бір жерде 25 жыл табан аудармай қызмет ету, туған ұжымыңның қол жеткізген әрбір жетістігіне бірге қуану, қиындықты бірге өткеру... Кинология саласының қыры мен сырын терең меңгердім. Сіздер секілді журналист-жазушылардың кітаптарына жүк болатын оқиғаларды бастан кешірдік (Ғалым күлімсіреді).

– *Қарап тұрсақ, шекараның өзіне ғана жасаратын өмірін ғана емес, бізге бала кезімізден етене таныс «Бандыны қуған Хамит» деген фильмдегі «қуғынды» да бастан кешіріңіз...*

– «Контранбашыларды қуған шекарашылар» дегіңіз



келіп тұр ма? – деп әзілдеген Ғалым Ахатұлымен келісе кеттік.

Осыдан кейін сәл үнсіз қалған шекарашы кинолог өз ойын әрі қарай жалғастырды.

– Шынымды айтсам, мен өзімді «Могиканның соңғы тұяғы» секілді сезінемін. Бір орында табан аудармай жұмыс істеп келе жатқан жалғыз өзім болғандықтан. Көптің соңында болмағанымды әр жылдары жоғары басшылықтан алған марапаттарыма қарап білемін.

Бәрінен де, бір кездері өзің тарыдай болып енген ұжымның республикалық қана емес, халықаралық деңгейдегі сайыстарға қатысып, жүлделі орындардан көрініп жүргенін көріп, мақтанамын.

Иә, Ғалым әбден дұрыс айтып тұр еді. Бүгінде барлық жағдай қарастырылған қызметтік кинология басқармасы шекараға жылына 300-ге жуық қызметтік ит дайындайды. Алдымен иттердің ата-тегі зерделенеді. Дүниеге келген күшіктер арнайы орында екі ай бағылады. Ол жерге бөгде адам кірмейді. Төрт айдан кейін есірткі, жарылғыш заттар, валюта, құстарды, аң терісі мен мүйізін және адам іздеу, тағы басқа керекті бағыттар бойынша үйретіледі. Төрт айлық кезінен қару немесе жарылғыш заттардың дыбысынан қорықпайды. Алты ай болғандарын арнайы мамандары еліміздің әр өңірлерден келген әскери қызметшілермен бірге үйретіп, жаттықтырып, оларды бір-біріне бейімдейді. Мұнда шебер машықтандырылған иттер ТМД-ға мүше елдер мен Орталық Азияда өткен түрлі сайыстарда жүлделі орындарды иеленіп жүр. Араларында Еуропа чемпионы атанған иттер бар.

Қызметтік кинология басқармасында негізінен бельгиялық, неміс, голландиялық ит тұқымдары өсірілетін болса, бүгінде Қазақ елінің ұлттық брендіне айналған тазы мен төбетті қызметке үйрету қолға алынған. Дегенмен, әзірге бұл – эксперимент. Бір қуанарлығы, басқарманың кинологтары ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің аясында өтетін ауқымды шараларда тазы мен төбеттің өнерін паш етуді бастап кеткен...

Міне, подполковник Қуаныш Түменбаевқа басқару тізгіні уақытша тапсырылған Қызметтік кинология басқармасына материал жинау үшін келіп қалған біз «Могиканның соңғы тұяғымен» кездесіп, сұхбаттас болдық. Осыдан кейін өзін басқарманың ауласына шығарып, суретке түсірдік. Сөйтіп, аға сержант Ғ.Шалғынбаевпен әңгімемізді біттіге балағанбыз. Жоқ бітпепті. Өйткені, ол туралы тағы бір «тың» деректі естіп елең ете қалғанбыз.

...Ғалымның бақытты шаңырағындағы отанасы...

Айтпақшы, біздің шекарашы өмірлік жарын да шекарадан тауыпты. Майор Ләззат Мақытбекқызы. Басқарманың тәрбиелік, идеологиялық бөлімінде қызмет етеді. «Менің өмірлік жарым да маған кездескенге дейін шекараны аз араламапты. Басқармаға ауысып келген офицер қызды бір көргеннен ұнатып қалсам да көпке дейін қасына жақындай алмай жүргенім қазір есіме түссе, күлкім келеді... Сөйтсем, иығындағы офицерлік шеніне қарап, өзіне жақындауға қорқып жүрген аруым – адам үркетін емес, керісінше, жүзінен шуақ төгіліп тұратын жан болып шықты. Отау құрып, өзімнің сарбаз кезімнен бергі ұжымымда бірге қызмет етіп келе жатырмыз. Айбар, Дария есімді ұлымыз бен қызымыз бар».

СҰХБАТТАН СОҢҒЫ ТҮЙІН. ШЕКАРАШЫЛАР МЕН ОЛАРДЫҢ ЕЛ ШЕБІНДЕГІ, ЖЕЛ ӨТІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ ЖАЙЫНДА ҚАЛАМ ТЕРБЕП КЕЛЕ ЖАТҚАНЫМЫЗҒА... ШИРЕК ҒАСЫРДАН АСЫП БАРАДЫ ЕКЕН. ОСЫ ШИРЕК ҒАСЫРДЫҢ ІШІНДЕ ШЕКАРАШЫ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ҚАДІР-ҚАСИЕТІН ТҮСІНЕТІН ҚАНШАМА АЗАМАТПЕН СҰХБАТТАС БОЛДЫҚ. ОСЫНДАЙ ОТТЫ ЖҮРЕКТЕР ТҰРҒАНДА ШЕКАРАҒА СЫЗАТ ТҮСПЕЙТІНІНЕ СЕНІМІМІЗ КӘМІЛ БОЛДЫ. СОНау ХХІ-ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ КҮЗІНДЕ БАЛА КЕЗДЕН БЕРГІ АРМАНЫНА АЛҒАШ ҚАДАМ БАСҚАН ҒАЛЫМ ДА ОТТЫ ЖЫЛДАРДЫ БАСЫНАН КЕШІРДІ. ҚУАНБАСА, ӨКІНБЕЙДІ. ЖҰҚА МҰҚАБАНЫҢ БЕТІНДЕГІ ИТ ЖЕТЕКТЕГЕН САРБАЗ БЕН ОНЫҢ ЖЕЛКЕСІНДЕГІ ШЕКАРАЛЫҚ МҰНАРА ОНЫ ШЕКАРАҒА ЖЕТЕЛЕП ӘКЕЛДІ. ТЕК, «ЖЕТЕЛЕП ӘКЕЛДІ» ДЕГЕНІМІЗ, ҚҰЛАҚҚА ЖЕҒІЛ ЕСТІЛЕР, ӨЗІНІҢ ТАРИХЫН ЖАҒАДАН ЖАЗУҒА КІРІСКЕН КИНОЛОГТАРДЫҢ БІРІНЕ АЙНАЛДЫ. ОЛ БҮГІН МҰНЫ ТАҒДЫРЫНЫҢ ӨЗІНЕ ЖАСАҒАН ТАМАША СЫЙЫНА БАЛАЙДЫ. БАСҚАЛАР ДА ОСЫЛАЙ СЕЗІНСЕ, ПАТРИОТТЫҚ РУХ ДЕГЕНІМІЗ ОСЫ БОЛАР!

Суретті түсірген автор.

Тамара ДӘУЛЕТБАЕВА,
отставкадағы подполковник.



ӘУЕ ҚАҚПАСЫНДАҒЫ ҚЫРАҒЫ КӨЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАСЫН ҚОРҒАУ – ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ. ӘСІРЕСЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕ ҚАТЫНАСЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕ АВИАЦИЯЛЫҚ ӨТКІЗУ ПУНКТТЕРІНІҢ РӨЛІ АЙРЫҚША. ОСЫНДАЙ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР НЫСАНДАРДЫҢ БІРІ – ҚР ҰҚК ШҚ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНЕ ҚАРАСТЫ ТӨЛЕБИ АУДАНЫ БОЙЫНША ШЕКАРА БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ШЫМКЕНТ» АВИАЦИЯЛЫҚ ШЕКАРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ БӨЛІМШЕСІ. БҰЛ БӨЛІМШЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕ ҚАТЫНАСЫ АРҚЫЛЫ ӨТЕТІН АЗАМАТТАР МЕН ЖҮК ТАСЫМАЛДАРЫНЫҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП, МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРА РЕЖИМІНІҢ САҚТАЛУЫН БАҚЫЛАУДА ҰСТАЙДЫ. ӘУЕ ҚАҚПАСЫНДА АТҚАРЫЛАТЫН БҰЛ ҚЫЗМЕТ ЖОҒАРЫ КӘСІБИЛІКТІ, СЕРГЕКТІКТІ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕДІ.

«Шымкент» (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесі ҚР Үкіметінің 1995 жылғы 23 тамыздағы №1170 қаулысына сәйкес құрылған. Осы уақыттан бері бөлімше еліміздің оңтүстік өңіріндегі халықаралық әуе қатынасын бақылау ісінде маңызды рөл атқарып келеді. Уақыт талабына сай бөлімшенің материалдық-техникалық базасы да үнемі жаңартылып келеді. 2024 жылдың желтоқсан айында жаңа халықаралық терминал іске қосылып, әуежайдың өткізу мүмкіндігі айтарлықтай артты. Ал 2025 жылдың сәуір айынан бастап халықаралық әуе рейстері толық көлемде жаңа терминал арқылы қызмет көрсетуде. Қазіргі уақытта бөлімше арқылы тәулігіне шамамен 15–20 халықаралық әуе рейсі, ал жолаушылар саны шамамен 2500 адамға дейін жетеді. Бұл – өңірдегі халықаралық қатынастың жоғары деңгейде дамып келе жатқанын көрсетеді. Жолаушыларға қызмет көрсету барысында ұшып келу және ұшып кету залдарында көптеген шекаралық бақылау кабиналары жұмыс істейді. Мұндай ұйымдастыру жүйесі азаматтардың уақытын үнемдеуге және бақылау сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Авиациялық шекаралық бақылау бөлімшесінің тиімді жұмысы тек кәсіби кадрларға ғана емес, сонымен қатар заманауи техникалық құралдарға да тікелей байланысты. Бүгінде бөлімше халықаралық стандарттарға сай техникалық құралдармен жабдықталған. Олардың қатарында: Regula-4103 – құжаттардың түпнұсқалығын тексеруге арналған арнайы құрал;




Regula-7001 және Regula-7024 – құжаттарды автоматты түрде оқу құрылғылары; дактилоскопиялық сканерлер – азаматтардың биометриялық деректерін тексеруге арналған; досмотрлық фонарьлар мен арнайы тексеру құралдары; тексеру айналары мен құралдар жиынтығы; полимастер радиациялық бақылау жүйесі; телевизиялық эндоскоп.

Бұл техникалық құралдар халықаралық әуе рейстері арқылы өтетін азаматтардың құжаттарын мұқият тексеруге, заңсыз көші-конның алдын алуға және түрлі құқықбұзушылықтарды дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді.

Бөлімшенің қызметін үйлестіріп отырған тәжірибелі офицерлердің бірі – майор Жайлиев Оралхан Ерсайынұлы. Ол 1992 жылы Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласында дүниеге келген. 2010–2014 жылдары ҚР ҰҚК Шекара қызметі Академиясында білім алып, кәсіби әскери маман ретінде қалыптасты. 2014 жылдан шекара қызметінде еңбек етіп келе жатқан офицер қазіргі уақытта бөлімшені басқарып, жеке құрамның кәсіби дайындығын арттыру мен қызметтік тәртіпті нығайту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Бөлімше басшысының орынбасарлары да тәжірибелі мамандар қатарынан. Капитан Мурат Юсупбеков – 1988 жылы Шымкент қаласында дүниеге келген. Шекара қызметінде 2008 жылдың қараша айынан бастап еңбек етіп келеді. Ал капитан Райымбек Толықпаев – 1999 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласында туған. 2016–2020 жылдары ҚР ҰҚК Шекара қызметі Академиясында білім алып, кәсіби әскери маман ретінде қалыптасқан.

Соңғы жылдары бөлімшенің



жеке құрамы қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттердің қорытындысы бойынша жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Мәселен, бөлімше «Үздік авиациялық шекаралық бақылау бөлімшесі» атанды; бөлімше бастығы майор Оралхан Жайлиев «Үздік авиациялық шекаралық бақылау бөлімшесінің бастығы» атағына ие болды. Капитан Мурат Юсупбеков «Үздік шекаралық бақылау бөлімшесінің аға ауысымы» атанды. Ефрейтор Бекжан Оразбаев «Үздік шекаралық бақылау бөлімшесінің бақылаушысы» номинациясы бойынша үздік деп танылды. Бұл жетістіктер бөлімшенің кәсіби дайындығы жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

Шекара қызметінің негізгі міндеттерінің бірі – заңсыз көші-қонның, контрабанданың және басқа да құқықбұзушылықтардың алдын алу. 2025–2026 жылдардағы қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттер қорытындысы бойынша бөлімше қызметкерлері бірнеше құқықбұзушылық деректерін анықтады. Атап айтқанда: валюта; қос азаматтығы бар тұлғалар; діни әдебиеттер; зергерлік бұйымдар; қару-жарақ және оқ-дәрі; жалған құжаттар; халық тұтынатын тауарлар. Бұл көрсеткіштер шекаралық бақылаудың тиімді жүргізіліп жатқанын дәлелдейді.

Бөлімше тек шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етумен ғана шектелмей, жас ұрпақты әскери-патриоттық тәрбиелеу ісіне де белсенді қатысады. Бөлімше Шымкент қаласындағы №54 жалпы орта білім беру мектебімен тығыз байланыс орнатып, «Жас шекарашы» үйірмесі аясында түрлі іс-шаралар ұйымдастырып келеді. Бұл шаралар барысында: оқушыларға шекара қызметінің маңызы түсіндіріледі; әскери-патриоттық тәрбие жұмыстары жүргізіледі; ҚР ҰҚК Шекара қызметі Академиясына түсу мүмкіндіктері таныстырылады. Осы арқылы жас буынның бойында отансүйгіштік қасиет қалыптастыруға үлес қосылуда.

«Шымкент» (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесі – еліміздің оңтүстік қақпасындағы стратегиялық маңызы бар құрылымдардың бірі. Заманауи техникамен жабдықталған, кәсіби мамандардан құралған бөлімше халықаралық әуе қатынасындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында нәтижелі қызмет атқарып келеді.

Шекара қызметкерлерінің қырағылығы мен жауапкершілігі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының мызғымас қорғаны. Әуе қақпасында тәулік бойы тынымсыз қызмет атқарып жүрген шекарашылар ел тыныштығы мен қауіпсіздігі жолында өз міндеттерін абыроймен орындап келеді.

Суреттер шекаралық бақылау бөлімшесінен.

Рауан АСАДИЛОВ, подполковник.

ШЕКАРАМЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР



Шекара қызметінің тарихы тек бұйрықтардан, жедел мәліметтер мен карталардан ғана құралмайды. Оның негізінде ең алдымен адам тағдырлары жатыр. Бір күні жасыл фуражканы киіп, өмірін мемлекеттік шекараны қорғауға арнаған жандардың тағдыры. Солардың бірі – шекара әскерінің ардагері, офицер, әрі салауатты өмір салтын насихаттаушы Александр Владимирович Коновалов.

Оның өмір жолы Қазақстанмен, әсіресе өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының соңында елдің шығыс шекарасын нығайту мақсатында шекара әскерінің бөлімшелері құрылған Мақаншы ауылымен тығыз байланысты.

Александр Владимирович 1947 жылдың 9 наурызында Омбы қаласында әскери қызметкерлер отбасында дүниеге келген. Әкесі 1945 жылы Забайкалье майданының құрамында Квантун армиясын талқандауға қатысқан. Ал анасы ПХК органдарында қызмет атқарған.

Әскери қызметтен босатылғаннан кейін отбасы Краснояр өлкесіндегі шағын ғана Канск қаласына қоныс аударады. Болашақ офицердің балалық және жастық шағы осы қалада өтті.

1954 жылы ол жетіжылдық мектептің табалдырығын аттады. Соғыстан кейінгі кезеңде мектеп оқушылары үшін негізгі ақпарат көзі – газет, журнал және кино болатын. Сол кездегі балалардың басым бөлігі әскери тақырыпқа ерекше қызығушылық танытты. Балалардың ойындары да көбіне әскери сипатта өтетін.

Жасөспірімдерге ерекше әсер қалдырған фильмдердің қатарында сол жылдары кең танымал болған «Горная застава» және «Тисса үстінде» көркем фильмдері бар еді.

– Біз бұл фильмдерге сынып жетекшімізбен бірге түгел сынып болып баратынбыз, – деп



еске алады Александр Владимирович. – Фильм аяқталған соң батыр кейіпкерлер туралы ұзақ талқылап, солардай болуды армандайтынбыз. Әрқайсымыз үшін жасыл фуражка кию немесе погон тағу үлкен арман болатын. Ал ең бастысы – шекара әскерінде қызмет ету еді.

Ол кезде жасөспірім армандары орындалуы қиын қиялдай көрінгенімен, тағдыр жас жігітті біртіндеп сол жолға бастап келе жатты.

1960 жылдардың басында отбасы Ташкент облысындағы Чирчик қаласына көшіп келеді. Он жеті жасқа толған Александр әскери комиссариаттың тіркеуіне алынады.

Әскери комиссар оның оқу үлгерімі мен мінездемесімен танысып шыққаннан кейін, құжаттарын маршал Павел Рыбалко атындағы Ташкент танк училищесіне тапсыруға кеңес береді.

– Ол маған жеке әңгімеде денсаулығым, оқу үлгерімім мен бойым әскери училищеге түсуге толық сәйкес келетінін айтты, – дейді ардагер. – Мен бұл ұсынысты бірден қабылдадым.

Жұмысшы жастар мектебін аяқтағаннан кейін Александр орта білім туралы аттестат алып, әскери

училищеге түсу емтихандарын сәтті тапсырады.

Оқу жылдары да тез өте шығады. 1968 жылы ол училищені үздік бітіріп, КСРО Қорғаныс министрлігінің бұйрығымен алғашқы офицерлік шен – лейтенант атағын алады.

Жас офицер әскери қызметін Түркістан әскери округінің құрамындағы 517-ші мотоатқыштар полкінде, оқу танк взводуның командирі болып бастайды.

– Теориялық білімді іс жүзінде қолдануға тырыстым, – дейді Александр Владимирович.

– Полк басшылығы мені қоғамдық жұмыстарға ұсынды, көп ұзамай бөлімшенің комсомол ұйымының хатшысы болып сайландым.

1969 жылдың басында жас офицер Чирчик қаласында демалыста жүрген кезде Даман аралындағы қайғылы оқиғалар туралы хабар тарады.

Сол күндері бүкіл ел кеңес-қытай шекарасындағы жағдайды алаңдай бақылап отырды. Алғашқы соққыны қабылдаған шекарашылардың ерлігі халықтың ерекше құрметіне ие болды.

Газеттер бетінде батырлардың есімдері жиі жарияланып тұр-

ды. Олардың қатарында Иван Стрельников, Демократ Леонов, Виталий Бубенин және Юрий Бабанский бар еді.

– Сол кезде олардың кейбірімен кейін Мәскеуде, Шекарашы күніне арналған салтанатты жиында кездесемін деп ойламаппын, – деп еске алады ардагер.

Демалыстан кейін Александр Талдықорған облысындағы Сарыөзек гарнизонына оралады. Сол жерде ол көптеген шекара әскерінің офицерлерін байқайды.

Көп ұзамай бірнеше жас офицермен бірге полк командиріне шақырылады. Кездесу барысында Шығыс шекара округінің кадр қызметі өкілдерінің қатысуымен оған шекара әскеріне ауысу ұсынылады.

– Маған шекара әскерінің 3-ші жеке танк батальонының комсомол комитетінің хатшысы қызметі ұсынылды, – дейді Александр Владимирович. – Бұл мен үшін үлкен сенім еді. Мен еш ойланбастан келісім бердім.

Осылайша оның жастық шағындағы арманы орындалып, ол шекарашының жасыл фуражасын киеді.

1969 жылдың көктемінде танк полкінің базасында шекара әскерінің жеке танк батальондары құрылды. Наурыз айының соңында Т-34 танктері мен доңғалақты техника теміржол платформаларына тиеліп, әскери эшелон солтүстік-шығыс бағытқа жолға шықты.

Келесі күні бөлімше Аягөз станциясына жетеді. Техниканы түсіргеннен кейін колонна шамамен 220 шақырымдық марш жасап, Семей облысындағы Мақаншы ауылына келеді.

– Бұл маршты біз белгіленген нормативтен де жылдам орындадық, – деп еске алады ардагер. – Жаңа құрылған бөлімше үшін бұл жақсы көрсеткіш еді.

Алғашқы уақытта батальон ауылдағы «Заготзерно» ғимараттарына



орналастырылады. Жергілікті билік әскери қызметшілерге үлкен көмек көрсетеді.

Көп ұзамай бөлімше Бөгубай сайы маңына көшіріліп, қорғаныс ауданын жабдықтау және Бақты шекара отрядының бөлімшелерімен өзара әрекеттестікті жолға қою міндеті жүктеледі.

Ол жылдары бүкіл мемлекеттік шекара бойында инженерлік жұмыстар қарқынды жүргізілді. Бақылау-іздеу жолақтары салынып, түрлі бөгеттер орнатылды, жаңа техникалық құралдар енгізілді.

– Сол кезде шекара шын мәнінде сенімді қорғалды, – дейді Александр Коновалов.

Көп ұзамай Мақаншыда әскери қалашық құрылысы басталды. Қысқа уақыт ішінде казармалар, асхана, қоймалар, қазандық, штаб, карауыл үйі, клуб және офицерлерге арналған тұрғын үйлер бой көтерді.

– Біз әскери қалашықтың көз алдымызда қалай өсіп жатқанын көрдік, – дейді ардагер. Комсомол ұйымының бастамасымен спорт алаңы мен кедергілер жолағы салынды.

– Танкші-шекарашы үшін физикалық дайындықтың маңызы зор

екенін жақсы түсіндік.

Бөлімшеде мәдени өмірге де ерекше көңіл бөлінді. Клубта тұрақты түрде кино көрсетіліп, кітапхана жұмыс істеді, көркемөнерпаздар концерті ұйымдастырылды. Әскери қызметшілердің сүйікті кітабы – «КСРО шекара әскерінің тарихы» еді.

1969 жылдың жазында және күзінде шекарадағы жағдай әлі де күрделі болды. Жалаңашкөл оқиғасынан кейін бөлімшелер күшейтілген қызмет режиміне көшірілді.

– Жауынгерлік машиналар

әрдайым дайын тұрды, қозғалыс бағыттары нақтыланды. Біз кез келген тапсырманы орындауға әзір едік, – деп еске алады полковник Коновалов.

Дегенмен батальон тікелей ұрыс қимылдарына қатысқан жоқ.

Жыл қорытындысы бойынша бөлімше Шығыс шекара округінің қолбасшылығы тарапынан үздік бөлімшелердің бірі ретінде бағаланды.

1970 жылы Александр Коновалов Мәскеуде өткен БЛКЖО-нің XVI съезіне делегат болып сайланды. Съезге дейін шекара әскерінің делегациясын КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы Юрий Андропов қабылдады.

– Ол бізге үлкен әсер қалдырды. Халықаралық жағдай туралы, шекараны қорғаудағы жастардың рөлі жайында өте мазмұнды сөз сөйледі, – дейді ардагер. 1971 жылы шекара әскерінің 3-ші жеке танк батальоны таратылып, жеке құрам Кеңес армиясының түрлі бөлімдеріне жіберілді.

Александр Владимирович кейінгі жылдары командалық-саяси қызметтерде еңбек етті. Свердловск жоғары әскери-саяси танк-артиллерия училищесін және В.И. Ленин атындағы әскери-саяси академияны сырттай тәмамдады.



Әскери қызметін ол 71-ші мотоатқыштар дивизиясы командирінің саяси бөлім бойынша орынбасары лауазымында аяқтады.

Кенес Одағы тарағаннан кейін Александр Владимирович Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінде қызметін жалғастырды. Кейін әскери білім беру саласында еңбек етіп, университеттердің бірінде әскери кафедра құру жұмысына атсалысты.

Бүгінде ол Семей қаласында тұрады. Қалалық ардагерлер кеңесі президиумының мүшесі, сондай-ақ «Жас Ұлан» лицейінің қамқоршылық кеңесі төрағасының орынбасары.

2021 жылы ол Қазақстандағы алғашқы FORA скандинавиялық жүріс клубын құрды.

– Мен офицер адам өмір бойы сапта болуы керек деп есептеймін. Қозғалыс – өмір, – дейді ол.

2023 жылы Алматыда өткен халықаралық скандинавиялық жүріс марафонында өз жас санаты бойынша екінші орын алды.

2025 жылдың көктемінде Александр Владимирович тағы да Мақаншы ауылына барып қайтты. Ардагерлер делегациясының құрамында Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасына Мәңгілік алауды табыстау рәсіміне қатысты.

– Елу жылдан астам уақыт ішінде ауыл адам танымастай өзгеріпті. Бірақ бұл жер менің өмірімнің бір бөлшегі болып қала береді, – дейді ол.

Александр Владимирович пен жұбайы Тамара Дмитриевна өмірде өз жолын тапқан, елге пайдасын тигізіп жүрген абыройлы ұлдар тәрбиелеп өсірді.

Үлкен ұлы Дмитрий 1971 жылы дүниеге келген. Магадан облысында мерзімді әскери қызметін радиолокациялық станция операторы ретінде өтеген. Қазіргі уақытта Мәскеу облысындағы Одинцово қаласында тұрады. Қуатты шын-



жыр табанды кран машинисі болып жұмыс істейді. Бір қызы және екі немересі бар.

Кіші ұлы Сергей 1978 жылы туған. Шәкәрім университетін және аспирантураны тәмамдап, Кемерово технологиялық университетінде ғылыми жұмысын қорғаған. Техника ғылымдарының кандидаты. Қазіргі таңда Омбы мемлекеттік аграрлық университетінде кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарады. Үш қыз тәрбиелеп отыр.

Бүгінде балалар ата-анасымен тығыз байланыста, отбасылық құндылықтарды жалғастырып келеді.

– Ата-ана үшін ең үлкен қуаныш – балаларының елге пайдалы, адал азамат болып өскенін көру, – дейді Александр Владимирович. – Олар қоғамға пайдасын тигізіп, өз балаларын да сол рухта тәрбиелесе, өмір босқа өтпегені.

Ардагер үшін немерелерінің де орны ерекше. Олар үлкендердің жолын құрметтеп, отбасылық дәстүрді жалғастырып келеді.

Мақаншыға сапары кезінде Александр Владимирович үшін

бұрынғы танк батальоны орналасқан аумақ пен Жайтөбе тауының етегіне бару ерекше әсер қалдырды.

– Біз 70-жылдардың басында отырғызған жас көшеттер бүгінде биік жасыл белдеуге айналыпты. Бұл маған сол жылдарды еске салды, – дейді ол.

Өмір жолына қорытынды жасай отырып, ардагер былай дейді:

– Шекара қызметі – ерекше мектеп. Ол адамнан төзімділік, батылдық және үлкен жауапкершілік талап етеді. Егер мен шекарада қызмет етпегенде, бүгінгі мен болмас едім.

Ал бүгінгі қазақстандық шекарашыларға ардагердің тілегі бір:

– Шекарашының ақылы салқын, жүрегі ыстық, қолы таза болуы керек. Сонда ғана ол өз Отанының шекарасын сенімді қорғай алады.

Суреттер жеке мұрағаттан.

Ердос ҚАЙРТАЙ,
аға лейтенант.



ТЕМІРДЕН ТҮЙІН ТҮЙГЕН

МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚУАТЫ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ – ЕҢ АЛДЫМЕН ОНЫҢ ШЕКАРА ШЕБІНІҢ МЫЗҒЫМАС БЕРІКТІГІНЕ ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛАН-ҒАЙЫР АУМАҒЫН ҚОРШАП ЖАТҚАН МЫҢДАҒАН ШАҚЫРЫМДЫҚ ШЕКАРА СЫЗЫҒЫ – ТЕК ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҰҒЫМ ҒАНА ЕМЕС, ОЛ – ЕЛДІҢ ТЫНЫШТЫҒЫ МЕН ХАЛЫҚТЫҢ БЕЙБІТ ӨМІРІНІҢ КЕПІЛІ. СОЛ ҚАСИЕТТІ ШЕПТІҢ ӘР МЕТРІН КҮНДІЗ-ТҮНІ КІРПІК ҚАҚПАЙ КҮЗЕТІП ТҰРҒАН ШЕКАРАШЫЛАР – НАҒЫЗ ЕРЛІК ПЕН ТАБАНДЫЛЫҚТЫҢ СИМВОЛЫ.

Шекара қызметі – сырт көзге қарапайым көрінгенімен, ішкі мазмұны терең, жауапкершілігі аса жоғары, әр сәтте сергектік пен кәсіби шеберлікті талап ететін күрделі міндет. Далада боран ұйытқып, аптап ыстықта күн күйдіріп тұрса да, шекарашы өз бетінде. Оның міндеті – тек бақылау емес, ол – қауіптің алдын алу, заң бұзушылықты дер кезінде анықтау, кез келген төтенше жағдайда батыл әрі дұрыс шешім қабылдау.

Осындай ел шебін қорғауда ерен еңбегімен көзге түсіп жүрген үздік әскери қызметшілердің бірі – «Жайсан» шекара бөлімшесінің әскери қызметшісі ефрейтор Артём Вячеславович Рыженков. Ол 1995 жылы 19 ақпанда Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданының Мәртөк кентінде дүниеге келген. Қарапайым ауыл баласының балалық шағы еңбекпен, тәртіппен және үлкендердің тәлім-тәрбиесімен өрілді. Бала күнінен техникаға қызығып, бір нәрсені құрастырып, жаңашылдыққа ұмтылуы оның болашақтағы ізденімпаз тұлға болып қалыптасуына негіз болды.

2010 жылы мектепті аяқтаған соң, Ақтөбе қаласындағы «Темір жол» колледжінде электромонтер мамандығы бойынша білім алды. Бұл кезең оның техникалық ойлау қабілетін жетілдіріп, нақты іспен айналысуға деген қызығушылығын арттырды. Кейін Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу үшін Шымкент қаласындағы Ұлттық ұланның 6506 әскери бөлімінде мерзімді қызметін абыроймен өткерді.

Әскери өмірге деген қызығушылығы оны Қарулы Күштер қатарында қалуға жетеледі. 2015–2019 жылдар аралығында 30238 әскери бөлімінде артиллериялық бригада құрамында келісімшарт бойынша қызмет атқарып, тәжірибе жинақтады. Ал 2021 жылдың 10

шілдесінен бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қатарында қызметін жалғастырып келеді.

Бүгінде бес жылға жуық тәжірибесі бар ефрейтор Артём Рыженков – «Жайсан» шекара бөлімшесінің ең үздік, ең сенімді шекарашыларының бірі. Ол қызмет барысында әрқашан салқынқандылық танытып, заң талаптарына сай нақты әрі жедел шешім қабылдай біледі. Жауынгерлік іс-қимыл кезінде де, күнделікті қызмет барысында да өзінің кәсібилігімен, жауапкершілігімен және қырағылығымен ерекшеленеді.

2025 жылдың қорытындысы бойынша оның жоғары біліктілігі мен мінсіз қызметінің нәтижесінде 2 мемлекеттік шекара бұзушы мен 3 шекара режимін бұзушыны ұстауға қатысып, «Үздік шекара нарядының жетекшісі» атағына ие болды. Бұл – тек марапат қана емес, оның табанды еңбегінің, сергектігінің және Отан алдындағы адалдығының нақты дәлелі.

Қызметтен тыс уақытта да Артём өзін дамытуға ерекше көңіл бөледі. Ол бос уақытын текке өткізбейтін, әр минутын пайдалы іске жұмсайтын ізденімпаз жан. Инженерлік хоббиге деген қызығушылығы оны жаңа техникалық шешімдер іздеуге жетеледі. Соның нәтижесінде ол «ІЛЕК» атты мини-вездеходтың тәжірибелік үлгісін жасап шығарды.

Бұл идея 2025 жылдың қараша айында пайда болған. Қарлы, батпақты, су кедергілері жиі кездесетін шекаралық аймақтардың табиғи ерекшеліктерін ескере отырып, ол осындай жерлерден еркін өте алатын шағын техника жасауды мақсат етті. Өз бетінше зерттеу жүргізіп, техникалық әдебиеттерді зерделеп, сызбалар әзірлеп, қысқа мерзім ішінде алғашқы макетін құрастырып шықты.

Мини-вездеходтың конструкциясы ерекше ықшам әрі практикалық тұрғыдан ойластырылған. Оның негізіне жеңіл металл қаңқа алынып, қозғалыс жүйесі ретінде әртүрлі жол



талғамайтын техникалардың бөлшектері тиімді үйлестірілген. Қысқы жағдайда қар үстінде еркін қозғалу үшін алдыңғы бөлігіне арнайы шана орнатылып, артқы жетекші дөңгелектері кең әрі төмен қысымды етіп жасалған. Бұл құрылым техниканың батпақта, қарда және тайғақ жерлерде батып қалмай, еркін жүруіне мүмкіндік береді.

Жазғы маусымға бейімдеу мақсатында алдыңғы шана орнына басқарылатын доңғалақ жүйесін орнату қарастырылған. Сонымен қатар, қозғалтқыш бөлігінің қуатын арттыру, отын шығынын азайту және басқару жүйесін жеңілдету үшін қосымша инженерлік шешімдер қабылдануда. Қауіпсіздік те назардан тыс қалмаған: тежегіш жүйесі күшейтіліп, жүргізушіге ыңғайлы басқару тетіктері қарастырылған.

Артём Рыженков бұл жобаны тек құрастырумен шектелмей, оны тәжірибелік сынақтан өткізіп, әрбір кемшілігін жетілдіруге тырысуда.

Қазіргі таңда «ІЛЕК» мини-вездеходы бірнеше түрлі жер бедерінде сынақтан өтіп, өзінің өтімділігі мен тиімділігін сынау үстінде. Болашақта бұл техниканы басқару элементтерімен жабдықтау, навигациялық жүйе орнату және жүк тасымалдау мүмкіндігін арттыру да жоспарланып отыр.

2026 жылдың 1 қаңтарында дайын болған мини-вездеходқа ол туған өлкесінің символы ретінде Ілек өзенінің құрметіне «ІЛЕК» атауын берді. Бұл атау – тек географиялық нысан ғана емес, автор үшін туған жерге деген құрмет пен рухани байланыс белгісі.

Осындай техникалық жобаларды дамыту, оларды жетілдіру бағытында жұмыстар жалғасады. Бұл бастама шекара қызметінде қолдануға болатын жаңа технологиялық шешімдердің пайда болуына жол ашуы әбден мүмкін. Әсіресе, күрделі табиғи жағдайда жедел әрекет ету, барлау жұмыстарын жеңілдету және мобильділікті арттыру тұрғысынан

мұндай шағын техникалардың маңызы зор.

Осындай ізденістер – қазіргі заман әскери қызметшісінің тек жауынгер ғана емес, жан-жақты дамыған, ойлай білетін, жаңашыл тұлға екенін көрсетеді.

Артём Рыженков – қызметте қатал тәртіп пен жоғары жауапкершілікті ұстанса, отбасында қамқор әке, сүйікті жар. Ол жұбайымен бірге екі қыз тәрбиелеп отыр. Үлкен қызы мектеп қабырғасында білім алса, кішкентайы әлі балабақша жасында. Балаларына адалдық, еңбекқорлық, Отанға деген сүйіспеншілік сияқты қасиеттерді дарытып келеді.

Оның өмір жолы – қарапайым ауыл баласының табандылық пен еңбек арқылы үлкен жетістікке жетуінің айқын үлгісі. Шекарадағы қызметі көзге көріне бермейді, бірақ оның маңызы орасан зор. Әрбір тыныш таң, әрбір бейбіт күн – осындай шекарашылардың жанқияр еңбегінің нәтижесі.

Ефрейтор Артём Вячеславович Рыженков – адалдықтың, еңбекқорлықтың, кәсібиліктің және отансүйгіштіктің жарқын бейнесі. Ол – бүгінгі жас ұрпақ үшін үлгі боларлық тұлға. Ел шебін күзеткен әрбір жауынгердің артында осындай тағдыр, осындай табандылық, осындай биік рух жатыр.

Шекара – бұл жай ғана сызық емес. Ол – елдің намысы. Ал сол намысты қорғайтын шекарашылар – ұлттың шынайы қалқаны.

Суреттерді түсірген автор.

Жасұлан ШАРМАКОВ,
аға лейтенант.



ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗІ — ТЕКСЕРІСТЕН ӨТКЕН ТӘЖІРИБЕ

БҮГІНГІ СҰХБАТЫМЫЗ - ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ ТӘРБИЕЛІК, ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КАДРЛЫҚ ЖҰМЫСТАР БАСҚАРМАСЫНЫҢ КОНСУЛЬТАНТЫ ПОДПОЛКОВНИК ҚУАНЫШ БАЙМҰРАТПЕН БОЛМАҚ. ДАНЫШПАН АҚЫНЫМЫЗ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ «ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА» АТТЫ ӨЛЕҢІНДЕ «БІЛІМГЕ ӘРКІМНІҢ-АҚ БАР ТАЛАСЫ» ДЕП ЖЫРЛАҒАНЫҢДАЙ ОФИЦЕРМЕН БОЛҒАН СҰХБАТЫМЫЗ ҒЫЛЫМ, ІЗДЕНІС, ОҚУ АЯСЫНДА ӨРБІМЕК.



Подполковник Қуаныш Баймұрат - Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара академиясының магистрі. Оның магистрлік диссертациясы қазіргі заманғы шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде тәрбиелік-идеологиялық жұмыстардың ролі мен маңыздылығына арналған. Біздің әңгіме дүкеніміз де осы ғылыми ізденіс тоңірегінде өрбімек.

- Қуаныш Ермұратұлы, ең алдымен диссертацияңыздың тақырыбы мен сол тақырыпты таңдауға не себеп болғанын айтып өтсеңіз?

- «Шекара басқармасы әскери қызметшілерімен әскери-әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру технологиясы» тақырыбын таңдауыма көпжылдық әскери қызметім тікелей әсер етті. Шекарашы ретінде әртүрлі өңірлерде, аудандарда түрлі жағдайда жауынгерлік қызметте болдым. Шекара сақшыларының күнделікті қызметін, олардың әлеуметтік жағдайын өз көзіммен көрдім. Қазіргі заманда мемлекеттік шекараны күзету тек техникалық құралдармен шектелмейді. Қызметтің сапалы ұйымдастырылуына әсер ететін ең басты фактор - әскери қызметшінің бойындағы патриоттық рух пен жауапкершілік сезімімен қатар олардың тұрмыстық жағынан қамтамасыз етілу деңгейі де барынша әсер етеді. Сондықтан да менің ғылыми ізденісім осы салаға арналды.

- Яғни сіздің ғылыми жұмысыңыз тәжірибемен тікелей байланысты ғой?

- Әрине. Теорияны практикадан бөліп қарауға болмайды. Мен диссертация жазу барысында тек қана кітаптар мен құжаттарға сүйеніп қана қойған жоқпын, өзім қызмет еткен әскери бөлімдердегі нақты мысалдарды сараладым. Кейбір ұсыныстарым сол тәжірибенің жемісі.

- Диссертацияңыздың негізгі мақсаты қандай?

- Негізгі мақсаты - мемлекеттік шекара қауіпсіздігін нығайту үшін әскери қызметшілердің әлеуметтік жағдайларын да жетілдіру. Қазіргі таңда әскери дайындықпен қатар моральдық тұрақтылық, елге деген адалдық пен патриоттық сезімнің жоғары болуы аса қажет. Сол себепті мен әскери қызметшілердің рухани тәрбиесін жана деңгейге көтеруді ғылыми тұрғыдан қарастырдым.

- Бұл мақсатқа жету үшін қандай міндеттер қойдыңыз?

- Біріншіден, Шекара қызметіндегі тәрбие жұмыстарының жағдайын талдау. Екіншіден, әлемдік тәжірибедегі әскери-патриоттық тәрбиенің озық үлгілерін зерттеп,



оны біздің жағдайға бейімдеу. Үшіншіден, әскери қызметшілер арасында рухани-идеологиялық жұмысты жаңа әдістемелермен жүргізудің тиімді жолдарын ұсыну. Төртіншіден, жастарды Шекара қызметіне тартудың мотивациялық тетіктерін айқындау.

- Ғылыми жұмысыңызды жазу барысында қандай әдістерді қолдандыңыз?

- Біріншіден, статистикалық талдау жасадым. Әр кезеңдегі шекарашылардың қызмет нәтижелерін, олардың психологиялық тұрақтылық көрсеткіштерін салыстырдым. Екіншіден, бақылау және сауалнама әдістерін пайдаландым. Өзім қызмет еткен бөлімдердегі әскери қызметшілермен жеке сөйлесіп, олардың пікірлерін жинақтадым. Үшіншіден, тарихи-салыстырмалы әдісті қолдандым. Кеңес дәуіріндегі, шетелдік әскерлердегі тәрбие жұмыстарының үлгілерін қарап, бүгінгі күнге сай қырларын айқындадым.

- Ғылыми жұмысты жазу барысында қандай дерек-көздерге сүйендіңіз?

- Ресми құжаттар, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің нормативтік актілері, әскери жарғылар, сондай-ақ патриоттық тәрбиеге қатысты ғылыми еңбектер. Сонымен бірге халықаралық әскери ұйымдардың материалдарын да қарадым. Әлемде болып жатқан жаңалықтардан қол үзбеу үшін ғаламтордағы мәліметтерді үнемі сүзгіден өткізіп отырдым.

- Сәтті қорғап шыққан зерттеу жұмысыңыздың жаңалығы неде деп ойлайсыз?

- Жаңалықтың бірі - әскери қызметке жаңадан қабылданған әскери қызметшіні тек әскери дайындықтан өткізіп қана қоймай, олардың әлеуметтік-психологиялық тұрақтылығын арттыруға бағытталған кешенді ұсыныстар әзірлеу. Бұған

дейін көбінесе әскери дайындық бірінші орынға қойылып, тәрбие жұмысы қосалқы бағыт саналып келген. Менің диссертациямда бұл екеуі тең дәрежеде қарастырылады.

Сонымен қатар патриоттық іс-шараларды ұйымдастырудың жаңа моделін ұсындым. Ол модельде әскери қызметшінің бос уақыты, мәдени шараларға қатысуы, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары барлығы біртұтас жүйеге біріктірілді.

- Сіздің магистрлік диссертацияңыздың практикалық маңызы қандай?

- Ең бастысы - менің жасаған ұсыныстарымды әскери ұжымдарда қолдануға болады. Олар қағаз жүзіндегі ғана идея емес,

шын өмірден алынған шешімдер. Егер жүзеге асса, әскери қызметшілер борышын орындаудағы жауапкершілігі, психологиялық тұрақтылығы артып, мемлекеттік шекараның беріктігі күшейеді деп ойлаймын.

- Ғылыми жұмысты жазу кезінде қандай қиындықтарға тап болдыңыз?

- Әскери құпияға қатысты деректерді пайдалану мүмкін болмады. Сондықтан мен деректерді таңдауда аса мұқият болдым. Екіншіден, әскери қызмет пен ғылыми жұмысты қатар алып жүру оңай емес. Біраз еңбектенуге тура келді. Бірақ нағыз нәтижеге жету үшін осының бәріне шыдауға дайын болдым. Менің зерттеуімнің негізі - тексерістен өткен тәжірибе. Ал тәжірибеден туған ғылыми тұжырым ешқашан бос сөз болмайды.

- Диссертацияңызда жастарды әскери қызметке тарту мәселесін де қозғатсыз. Бұл бағытта не айтасыз?

- Иә, қазіргі жастардың көбі әскери қызметті Отан алдындағы перзенттік міндет деп қана қарайды. Бірақ шын мәнінде ол - үлкен мектеп, азамат болып қалыптасудың



жолы. Жастарды тарту үшін әскери қызметтің маңызын дұрыс түсіндіру қажет. Менің ұсыныстарымның бірі - мектеп қабырғасынан бастап патриоттық тәрбие жүйесін күшейту. Сонда жастар өз еркімен әскерге баруға дайын болады.

- Сізбен сұхбатымыздан шекарашылар сапында ғылымды жанына жақын санайтын офицерлердің бар екеніне қуанып отырмыз. Сұхбатымызды сіздің өмір жолыңызбен жалғастырсақ...

- Мен 1985 жылы Алматы облысы, Кербұлақ ауданы, Сары-Өзек ауылында дүниеге келдім. Балалық шағым Жоламан ауылында өтті. Ауыл мектебінде 9-сыныпқа дейін оқыдым. Балалық шақтың қызығы бір бөлек қой. Достарыммен бірге өткен кезімді сағынышпен еске аламын.

- Мектептен кейінгі жолыңыз әскерге, нақтырақ айтсақ, әскери мектепке бағытталды. Мұндай шешімді қабылдауға не себеп болды?

- Иә, 9-сыныпты тәмамдаған соң, 2000-2002 жылдары Алматы қаласындағы Бауыржан Момышұлы атындағы әскери мектеп-интернатында білім алдым. Әскери мектепте оқу - бала кезімнен келе жатқан арманым еді. Әкем де, ұстаздарым да әрқашан тәртіпке бағынуға, елге қызмет етуге үйретті. Сондықтан бұл қадамға саналы түрде бардым. 10-11 сыныпты Алматы қаласындағы Б.Момышұлы атындағы Әскери мектеп интернатта оқыдым.

2002 жылы ҚР ҰҚК Әскери институтына оқуға түсіп, 2006 жылы «Шекара қызметі жауынгерлік қызметті басқару офицері» мамандығын игеріп шықтым. Әскери жоғары оқу орны - мен үшін өмірімдегі үлкен белес болды. Себебі кәсіби тұрғыда қалыптасуыма, болашақ офицер ретінде шыңдалуыма сол жылдардың әсері зор.

- Әскери қызмет жолыңыз да өте ауқымды екен. Енді сол кезеңдерге қысқаша тоқталсаңыз.

- Оқуымды тәмамдаған жылы 2029 әскери бөлімінде жолдандым. «Шалқар» шекара застава бастығының орынбасары лауазымына тағайындалдым. Кейін 2027 әскери бөлімінде материалдық жабдықтау ротасы командирінің орынбасары, одан соң рота командирі болып қызмет атқардым. Одан кейінгі қызмет жолым 2020 әскери бөлімінде, кейін Алматы облысы бойынша департаментінің «Жамбыл» шекара бөлімшесінде түрлі лауазымдарда жалғасты. Тәрбие жұмысының аға офицері ретінде тәжірибе жинақтадым. 2020 жылдан бастап Алматы облысы бойынша департаментінде түрлі жауапты жұмыстарды атқардым. Содан кейінгі әскери қызметім ҚР ҰҚК Шекара академиясында магистратурада білім алумен жалғасты.

- Әскердегі жылдар - үлкен шыңдалу мектебі ғой. Қызмет барысында есте қалған ерекше кезеңдер бар ма?

- Әр кезең өзінше ерекше. Шекара заставасында тікелей



мемлекеттік шекараны күзету ісінде жұмыс істеген сәттерімді ерекше атар едім. Жауапкершілікті сезіну, жас шекарашыларға үлгі болу, ел шекарасын күзету - үлкен мәртебе. Әрине, қиындықтар да болды, бірақ әскери қызметтің өзі сол қиындықтарды женумен құнды екені белгілі.

- Жеке өміріңіз бен, жанұяңыз туралы айтып өтсеңіз.

- 2007 жылы Мадина Садуллақызымен отау құрдым. Жұбайым Қызылорда қаласының тумасы. Біз үшін жанұя - тірек, арқа сүйер асыл құндылық. Әскери қызметтің қатаң тәртібі отбасылық қолдаусыз мүмкін емес. Сол себепті Мадинаға әрқашан алғысым шексіз. Жансая, Айя есімді қыздарымыз, Батыр есімді ұлымыз бар.

- Болашаққа қойған арман-мақсаттарыңыз қандай?

- Ең бастысы - ел шекарасының беріктігін сақтау. Қазіргі уақытта заманауи талаптарға сай техника мен құралдар қажет. Солармен қамтамасыз етілу арқылы біздің қызметіміздің сапасы да арта түседі. Ал мұндай жаңа техниканың құлағында ойнайтын шекара сақшыларының елге деген, жерге деген махаббаттары зор болуы керек. Мұның барлығы тәрбиеден басталатыны сөзсіз. Сондықтан мен осы бағытта үлес қоссам деймін.

- Қуаныш Ермұратұлы, қызықты өңгімеңізге көп рақмет. Келешекте де осы бағытта ғылыми тұрғыдан қажетті жаңалықтар аша беріңіз деген тілек айтамыз. Еліңізге еткен еңбегіңіз жемісті болсын!

Суреттер жеке мұрағатынан.

Манарбек ҚАРЕКЕНОВ, подполковник.



АРАЙЛЫ АРУЛАР

ЖЕР БЕТІНДЕГІ КЕЗ КЕЛГЕН ХАЛЫҚТЫҢ ҰЛТ БОЛЫП ҰЙЫСУЫНДА ӘЙЕЛ-АНАЛАРДЫҢ ОРНЫ ОРАСАН ЗОР. ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫН КҮЗЕТКЕН ЕРЛЕРДІҢ СЕΝІМДІ ТЫЛЫ, ОТБАСЫНЫҢ ШУАҒЫ БОЛА БІЛГЕН АРУЛАР ӘЙЕЛ ЗАТЫНЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ МАҢЫЗДЫ РӨЛІН ҚАШАНДА ДӘЛЕЛДЕП, ЕРЛІК ҮЛГІСІН ПАШ ЕТІП КЕЛЕДІ. ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ – ТҰРАҚТЫ ТӘРТІП ПЕН ЖОҒАРЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ТАЛАП ЕТЕДІ. АЛ СОЛ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ АРТЫНДА ҮНЕМІ СЕΝІМДІ ТЫЛ, БЕРІК ОТБАСЫ ЖӘНЕ ПАРАСАТТЫ ЖАР ТҰРАДЫ. ШАЛҒАЙ БӨЛІМШЕ ЖАҒДАЙЫНДА ОТБАСЫНЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ БОЛЫП ОТЫРҒАН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЕҢБЕГІ МЕН ҚОЛДАУЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ШЕКАРА ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МАҢЫЗДЫ ФАКТОРЛАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП САНАЛАДЫ.

Көктемнің шуағымен қатар келетін мереке – 8 Наурыз нәзікжандылар мейрамы қарсаңында шекарашылар да аруларды ерекше құрметке бөлеп, оларға қуаныш сыйлады. Дәлірек айтсақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Халықаралық әйелдер күніне орай екінші жыл қатарынан «Шекара аруы - 2026» республикалық бейнебайқауын ұйымдастырды. Биылғы жоба ерекше форматта өтті, яғни сайыс ел шебінің шалғай

бөлімшелерінде қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілердің жұбайлары арасында арнайы бейнебайқау ретінде ұйымдастырылды. «Шекара аруы» – бұл тек қана шығармашылық байқау емес, бұл шекарашы отбасыларының бірлігі мен беріктігін, әйел-аналардың сабырын, төзімділігін және рухани қуатын дәріптейтін әлеуметтік маңызы өте зор жоба. Отбасы институтын нығайту, әйелдердің қоғамдағы және әскери ортадағы рөлін арттыру,

сондай-ақ жас ұрпаққа өнеге көрсету – байқаудың басты мақсаттарының бірі болды. Бұл байқауға жасы 30-ға дейінгі, ресми некеде тұрған және өздері әскери қызметте істемейтін жұбайлар қатысуға мүмкіндік алды. Олардың жолдастары міндетті түрде шалғай шекара бөлімшелерінде немесе шекаралық бақылау бөлімшелерінде қызмет етуі тиіс болды және отбасы сол бөлімше орналасқан аумақта тұруы шарт етілді.

Әскери-патриоттық қызметі

басқармасының ұйымдастыруымен өткен байқау екі негізгі кезеңнен тұрды. Алғашқы іріктеу кезеңінде әр аумақтық департамент ішкі іріктеу өткізіп, келесі кезеңге бір үміткерден ұсынып отырды. Осылайша, қатаң іріктеу кезеңінен өткен 14 үміткер өздерінің шекаралық аймақтағы өмір-салтын, отбасылық тыныс-тіршілігін бейнелейтін, ұзақтығы 1 минуттан аспайтын «Мен – шекарашының жарымын»



тақырыбындағы арнайы бейнероликтерін көпшілік назарына ұсынды. Бұл бейнероликтер аясында қатысушылар өз отбасының құндылықтарын, шығармашылығын, ұлттық дәстүрлерге деген құрметін және шалғайдағы шекарашы өмірінің барлық ерекшеліктерін шынайы таныстыра білді.

2026 жылдың 10–23 ақпан аралығында көрермендер қатысушылардың бейнежұмыстарын Шекара қызметінің «Shekaraknb» Instagram парақшасында тамашалап, t.me/shekara_agu телеграм каналында ашық дауыс беру арқылы ең лайықты аруды анықтады. Көрермендер қауымы шекарашы отбасын махаббат шуағымен бөлеген аруға өз дауыстарын беріп, қолдау білдірді. Алғаш рет бейнеформатта өткізілген

бұл байқауда шынайы көрермендер телеграм парақшасында 30 мыңнан астам дауыс қалдырып, үлкен қоғамдық белсенділік танытты.

Ақпан айының 23-і күні дауыс беру ресми түрде аяқталып, байқау қорытындысы бойынша бағы мен бабы қатар шапқан үздіктердің есімдері белгілі болды. Бас жүлдені, яғни I орынды – Маңғыстау облысы бойынша департаментінің аруы Аружан Кулманбетова иеленсе, II орынды – Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің аруы Айназым Қабылтай, ал жүлделі III орынды – Павлодар облысы бойынша департаментінің аруы Маржан Чужаева қанжығасына байлады.

Байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімі Шекара қызметінің орталық аппаратында үлкен концерттік

бағдарламамен салтанатты түрде өткізілді. Шекара қызметі директорының орынбасары генерал-майор Т. Джунусов жеңімпаздарды арнайы дипломдармен марапаттап, сый-құрмет көрсетті.

Шекарашы ардагерлерінің «Застава Тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы генерал-майор М.Сабидолданов жеңімпаздарға ақшалай сертификат табыстады. Байқауға қатысқан қалған арулар да назардан тыс қалмай, арнайы дипломдармен марапатталып, өздерінің аумақтық

бөлімшелерінде үлкен құрметке ие болды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл тамаша бастама шекарашы отбасылары арасындағы ынтымақтастықты күшейтіп, әскери қызметтің беделін арттыруға және қоғам назарын шекарашылардың әйелдерінің отбасылық рөліне аударуға өте үлкен септігін тигізді. Байқау барысы еліміздің барлық өңірлерінде, түрлі телеарналарда, әлеуметтік желілерде және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихатталып, қала қонақтары мен қалың бұқараға шекарашылардың қызықты отбасылық өмірі таныстырылды. Сонымен қатар, байқау жеңімпаздары «Хабар» телеарнасындағы «Оян» ақпараттық-танымдық бағдарламасына арнайы шақырылып, өздерінің қуаныштарымен бөлісті.

Осындай елінің тыныштығы үшін түн ұйқысын төрт бөлген ерлердің қасынан табылып, берік қорған бола білген жеңімпаз аруларды біз де осы жемісті жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз!

Суреттерді түсірген қатардағы Диас ҚУАНЫШЕВ және “Хабар” телеарнасы.

Айдос КИРГИЗБАЕВ, лейтенант.





ЕЛ ШЕБІНДЕГІ ҚЫЗМЕТ – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ОНЫҢ БЕЙБІТ ӨМІРІ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІ. АЛ СОЛ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ БЕРІК ҚАЛҚАНЫ – МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРА. ШЕКАРА – ЕЛДІҢ ТҰТАСТЫҒЫ МЕН ЕГЕМЕНДІГІНІҢ АЙҚЫН БЕЛГІСІ. ОНЫ ҚОРҒАУ – ТЕК ӘСКЕРИ МІНДЕТ ЕМЕС, БҰЛ – ҮЛКЕН СЕНІМ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЛГЕН ҚАСИЕТТІ ҚЫЗМЕТ. СОНДЫҚТАН ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БОЙЫНДА ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ ПЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – АСА МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ.

Осы бағытта жүйелі түрде ұйымдастырылып келе жатқан әскери-патриоттық іс-шаралардың ішінде «Жас шекарашы» клубының тәрбиеленушілеріне арналған танымдық экскурсиялардың орны ерекше. Мұндай кездесулер

жасөспірімдердің дүниетанымын кеңейтіп қана қоймай, олардың болашақ мамандық тандауына да оң әсер етеді. Себебі көзбен көріп, нақты қызмет барысымен танысу – кез келген теориялық ақпараттан әлдеқайда әсерлі.

2026 жылғы 27 наурыз күні Астанамыздың халықаралық әуежайының Т-1 терминалында №16 орта мектептің «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының тәрбиеленушілеріне арналған тағылымды экскурсия ұйымдасты-

рылды. Аталған шара Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің имиджін арттыру және жастарды осы салаға тарту мақсатында өткізілді.


Экскурсияны «Астана» шекаралық бақылау бөлімінің екінші бөлімшесі бастығының тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары, лейтенант Есбол Ақылбеков жүргізді. Ол балаларға тек ресми мәлімет берумен шектелмей, қызметтің мәнін жүрекпен жеткізе білді. Әрбір оқушыға ерекше көңіл бөліп, олардың сұрақтарына жан-жақты жауап беріп, қауіпсіздігін де қатаң бақылауда ұстады. Оның балаларға деген жанашырлығы мен жауапкершілігі – нағыз офицерге тән қасиет екені анық сезілді. Экскурсия барысында оқушылар әуежайдағы

шекаралық бақылау қызметінің барлық кезеңімен танысты. Әуе шекарасындағы бақылау – ең күрделі бағыттардың бірі. Себебі мұнда жолаушылар ағыны өте жоғары, әрбір шешім жылдам әрі дәл қабылдануы тиіс. Шекара қызметкерлері тәулік бойы үздіксіз жұмыс істеп, елге кіріп-шығатын әрбір азаматтың құжаттарын мұқият тексереді, заңсыз әрекеттердің алдын алады.

Оқушыларға шекаралық бақылаудың тек құжат тексерумен шектелмейтіні кеңінен түсіндірілді. Бұл – көпсалтылы, жоғары технологиямен жабдықталған күрделі жүйе. Атап айтқанда, заманауи техникалық құралдар – құжаттарды тексеретін ультракүлгін және инфрақызыл детекторлар, арнайы сканерлер, бейнебақылау жүйелері, деректер базасымен автоматты сәйкестендіру бағдарламалары

– барлығы шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Экскурсия барысында балаларға осы техникалық құралдар арнайы көрсетіліп, олардың қалай жұмыс істейтіні түсіндірілді. Әсіресе, жалған құжаттарды анықтау процесі үлкен қызығушылық тудырды. Қарапайым көзге байқалмайтын белгілерді арнайы құрылғылар арқылы анықтау – шекарашының кәсіби шеберлігін талап ететін күрделі жұмыс екені айтылды. Бұл жерде техника тек көмекші құрал ғана, ал негізгі шешімді тәжірибелі маман қабылдайды.

Мен үшін бұл сапар ерекше әсер қалдырды. Себебі өзім де бір кездері осы салада қызмет атқарып, паспорттық бақылау кабинасында жұмыс істегенмін. Құжаттарды тексеру, жалған паспорттарды анықтау, күдікті жағдайларды бай-





қау – үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Сол сәттерді қайта еске алып, шекара қызметінің қаншалықты маңызды әрі күрделі екенін тағы да терең сезіндім.

Қазақстан Республикасының паспорты қазіргі таңда жоғары деңгейде қорғалған құжаттардың бірі болып саналады. Оның құрамында көптеген қорғаныс элементтері бар: голографиялық белгілер, микромөтіндер, арнайы су белгілері, ультракүлгін сәуеледе көрінетін жасырын элементтер. Мұндай көпдеңгейлі қорғаныс жүйесі құжаттың қолдан жасалуына жол бермейді. Сондықтан шекарашылардың басты міндеттерінің бірі – осы элементтердің дұрыстығын мұқият тексеру.

Экскурсия барысында ефрейтор Ғалым Мұхамеджанов заманауи бақылау жүйелері туралы айтып, жолаушылар қозғалысын қадағалаудың маңызын түсіндірді. Ол әрбір жолаушының бағыты дұрыс болуын, басқа рейске қателесіп отырмауын бақылау – жалпы қауіпсіздіктің бір бөлігі екенін атап өтті.

Ефрейтор Әлібек Сәден, ефрейтор Дархан Аубакиров және аға сержант Ғалымжан Өтепов қыз-

мет барысында кездескен нақты жағдайлармен бөлісті. Әсіресе, заңсыз тасымалданатын заттарды анықтау, сирек кездесетін жануарлар мен құстарды қорғау бағытындағы жұмыстар балаларға ерекше әсер етті. Сирек кездесетін құстарды заңсыз алып өтпек болған жағдайлар шекара қызметінің тек қауіпсіздік емес, табиғатты қорғауда да маңызды рөл атқаратынын көрсетті.

Сержант Нареман Кали мен үшінші сынып сержанты Жанара Қудабекова құжаттарды тексеру әдістерін жан-жақты түсіндіріп, жалған паспорттарды анықтаудың нақты тәсілдерін көрсетті. Бұл бағыт – шекара қызметінің ең жауапты міндеті. Себебі жалған құжат арқылы мемлекет шекарасын заңсыз кесіп өту әрекеттері – ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіреді.

Экскурсияның ең әсерлі сәттерінің бірі – кинологиялық қызметтің көрсетілімі болды. Кіші сержант Нұржігіт Байдуллаев өзінің қызметтік иті Самараспен бірге арнайы жаттығу ұйымдастырып, тыйым салынған заттарды іздеу тәсілдерін көрсетті. Балалар бұл көріністі зор қызығушылықпен та-

машалап, ерекше әсер алды. Тіпті, оқушылардың бірі Темірәлі Сағадаев болашақта кинолог болуды армандайтынын айтты. Бұл – мұндай кездесулердің нақты нәтижесі.

Мұндай экскурсиялардың маңызы өте зор. Біріншіден, олар жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастырады. Екіншіден, нақты мамандықтың қыр-сырын көрсету арқылы олардың кәсіби бағдарын айқындайды. Үшіншіден, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қызметтердің маңызын терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл – жай ғана таныстыру емес, бұл – болашаққа бағыт беру.

Іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне «Астана» шекаралық бақылау басқармасының басшылығына ерекше алғыс білдіреміз. Әрбір офицер мен сержанттың балаларға түсінікті әрі қызықты етіп ақпарат жеткізуі – олардың кәсібилігі мен өз ісіне деген адалдығын көрсетті.

Сондай-ақ, осы сапарды ұйымдастыруға қолдау көрсеткен ардагер шекарашылардың «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігіне ерекше алғыс білдіреміз. Олардың тәжірибесі мен қолдауы – жас ұрпақ тәрбиесінде маңызды рөл атқарады.

Қорытындылай келе, мұндай тағылымды кездесулер – ел болашағы үшін аса маңызды. Бүгінгі жасөспірімдер осындай сапарлар арқылы өз елінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қызметтердің маңызын түсініп, өздеріне үлкен мақсат қоя бастайды.

Еліміздің шекарасы – қасиетті. Ал оны қорғау – әрбір азаматтың парызы. Бүгінгі «Жас шекарашылар» ертең осы жауапты міндетті абыроймен атқаратын азаматтарға айналарына сенім мол.

Сүреттерді түсірген қатардағы Айзат НУКЕШОВ.

**Жанар КЕМЕЛ,
подполковник.**



ШЕКАРА ТЫНЫШТЫҒЫ – РУХЫ МЫҚТЫ САРБАЗДАН

ЕГЕМЕН ЕЛІМІЗДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ ЕҢ АЛДЫМЕН МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАНЫҢ МЫЗҒЫМАС БЕРІКТІГІМЕН ӨЛШЕНЕДІ. ШЕКАРА – БҰЛ ЖАЙ ҒАНА ГЕОГРАФИЯЛЫҚ СЫЗЫҚ ЕМЕС, ОЛ – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЙҚЫН БЕЛГІСІ, ЕЛДІҢ ТЫНЫШТЫҒЫ МЕН ХАЛЫҚТЫҢ БЕЙБІТ ӨМІРІНІҢ КЕПІЛІ. СОНДЫҚТАН ШЕКАРА КҮЗЕТІ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ЖОҒАРЫ ДАЙЫНДЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕТІН АБЫРОЙЛЫ ҚЫЗМЕТ.



Қазіргі таңда шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету тек техникалық мүмкіндіктер мен кәсіби даярлыққа ғана байланысты емес. Бұл салада әскери қызметшілердің моральдық-психологиялық дайындығы, рухани беріктігі мен отансүйгіштік қасиеттері де айрықша маңызға ие. Шекара шебінде қызмет атқарып жүрген әрбір офицердің басты міндеті – ел шебін күзетумен қатар, жас сарбаздарды тәрбиелеу, оларды Отан алдындағы борышын адал атқаратын, ел мүддесін бөрінен жоғары қоятын тұлға ретінде қалыптастыру.

Осындай жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген офицерлердің бірі – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Ше-

кара қызметінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті Күршім ауданы бойынша Шекара басқармасының кәсіптік және техникалық даярлау бөлімі бастығының орынбасары подполковник Айдос Тұрсынбайұлы.

Айдос Тұрсынбайұлы 1989 жылы 15 қазанда Алматы облысы Қаракемер ауылында дүниеге келген. Жастайынан әскери қызметке қызығушылық танытып, ел қорғау жолын өмірлік мақсат етіп қойған. Әскери тәртіп пен отансүйгіштік рухты бойына ерте сіңірген жас жігіт болашақ тағдырын шекара қызметімен байланыстыруды жөн көрді.

Осы арман жолында 2007 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық

қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясына оқуға түсіп, 2011 жылы аталмыш оқу орнын сәтті тәмамдап, офицерлік шен алып шығады. Академия қабырғасында алған білім мен тәрбие оның болашақ қызмет жолының берік іргетасын қалады. Әскери оқу орнында ол тек теориялық білім алып қана қоймай, нағыз офицерге тән жауапкершілік, табандылық пен тәртіптілік қасиеттерін бойына сіңірді.

Оқу орнын тәмамдағаннан кейін Айдос Тұрсынбайұлы әскери қызметін шекара заставаларынан бастады. Шекара қызметінің алғашқы кезендері әр офицер үшін үлкен сынақ мектебі екені белгілі. Дәл осы кезеңде жас офицер әскери өмірдің қатаң тәртібі мен талаптарына төселіп, тәжірибе жинақтайды.

Айдос Тұрсынбайұлы да еңбек жолын шекара бөлімшесі бастығының орынбасары лауазымынан бастап, кейін бөлімше бастығы қызметін абыроймен атқарды. Осы қызметтердің барлығында ол шекара шебінде қызмет етіп, мемлекеттік шекараны қорғау ісіне белсене атсалысты. Әскери қызметтің түрлі лауазымдарында еңбек ете жүріп, ол кәсіби тәжірибесін жетілдіріп, нағыз шекара офицеріне тән қасиеттерді қалыптастырды.

Шекара шебіндегі қызмет – төзімділік пен табандылықты талап ететін ерекше сала. Табиғаттың қатал жағдайлары, тәулік бойғы қырағылық пен жоғары жауапкершілік әрбір әскери қызметшіден мықты рух пен үлкен шыдамдылықты талап етеді. Осындай күрделі міндеттерді атқара жүріп, Айдос Тұрсынбайұлы өзін білікті әрі жауапты офицер ретінде көрсете білді.

Әскери қызметпен қатар, ол отбасылық өмірде де үлгілі жан. 2016 жылы өмірлік жарын тауып, шаңырақ көтерді. Бүгінде жұбайы Айнашпен бірге екі бала тәрбиелеп отыр. Отбасы – офицер үшін сенімді тірек пен рухани қолдау

көзі. Жұбайы Айнаш оның қызмет жолының басынан бері әрдайым жанынан табылып, қиын сәттерде қолдау көрсетіп келеді. Осындай өзара түсіністік пен сыйластыққа негізделген отбасы – тұрақтылық пен берекенің жарқын көрінісі.

Жылдар бойы жинақталған тәжірибе мен өмірлік көзқарас Айдос Тұрсынбайұлын жас сарбаздарға үлгі болар тәлімгер ретінде танытты. Бүгінде ол жас әскери қызметшілердің кәсіби даярлығы мен рухани қалыптасуына ерекше көңіл бөліп келеді. Кәсіптік және техникалық даярлау бөлімі бастығының орынбасары қызметін атқара отырып, ол жас сарбаздарды тәрбиелеу мен оқыту ісіне зор жауапкершілікпен қарайды. Оның жетекшілігімен мерзімді әскери қызметшілерге әскери тәртіп пен жауынгерлік даярлықтың қыр-сырлары үйретіліп келеді. Аталған

лауазымда қызмет атқару барысында ол үш шақырылымның мерзімді әскери қызметшілерін тәрбиелеп, оқытты. Осы жас жауынгерлер әскери тәртіпті менгеріп қана қоймай, Отанға деген адалдық пен жауапкершілік сезімін бойларына сіңіріп шықты. Тәрбиеленген сарбаздардың бірқатары әскери қызметті өмірлік жолы ретінде таңдауға ниет білдіріп, келісімшарт негізінде әскери қызметке қалды. Ал кейбірі жоғары әскери оқу орындарына түсіп, офицер болу жолын таңдады. Бұл – офицердің жас сарбаздарды тәрбиелеу мен бағыт-бағдар беру ісіндегі еңбегінің нақты нәтижесі.

Айта кетерлігі, қызмет барысында сарбаздар тарапынан қандай да бір келеңсіз жағдайлардың орын алмауы офицердің тәрбие және ұйымдастыру жұмыстарын жүйелі әрі тиімді жүргізіп отырғанын көрсетеді.

Жас сарбаздарды тәрбиелеу ісінде идеологиялық жұмыстың орны ерекше. Әскери қызмет тек қару ұстап, әскери міндеттерді орындаумен ғана шектелмейді. Әскери қызметші ең алдымен ел тағдырына бейжай қарамайтын, рухы мықты, санасы сергек азамат болуы тиіс. Осы бағытта Айдос Тұрсынбайұлы өз қызметін тек формалды шаралармен шектемей, нақты нәтижеге бағытталған рухани тәрбие жұмыстарын жүргізіп келеді. Оның бастамасымен сарбаздарға арналған тарихи-танымдық сабақтар, патриоттық кездесулер, түрлі форматтағы викториналар және рухани қолдау бағытындағы іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылады. Мұндай тәрбиелік

шаралар жас сарбаздардың дүниетанымын кеңейтіп, олардың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Офицердің пікірінше, нағыз жауынгер – тек әскери дайындықтан өткен адам ғана емес. Ол ең алдымен рухы мықты, санасы сергек, ел мүддесін бәрінен жоғары қоятын азамат болуы тиіс.

«Мықты сарбаз – тек қару ұстаған адам емес, ол – санасы сергек, жүрегі отаншыл азамат», – дейді подполковник Айдос Тұрсынбайұлы.

Шынында да, әскери қызметтің табысты болуы көбіне офицердің жеке үлгісі мен тәрбие жұмысының нәтижесіне байланысты. Айдос Тұрсынбайұлы өзінің қызметтік тәжірибесі мен өмірлік ұстанымы арқылы көптеген жас сарбаздарға бағыт-бағдар беріп келеді.

Оның жетекшілігімен әрбір әскери қызметшіге тәрбие-идеологиялық бағытта жүйелі жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде сарбаздар әскери тәртіпті сақтаумен қатар, отансүйгіштік, рухани беріктік және адамгершілік құндылықтарды бойларына сіңіріп шықты.

Мұндай офицерлер – әскери құрылымның берік тірегі. Олардың күнделікті еңбегі еліміздің қауіпсіздігі мен тұрақтылығының сенімді кепілі болып табылады.


Шекара шебіндегі тыныштық пен елдің бейбіт өмірі осындай өз ісіне адал, кәсіби шеберлігі жоғары офицерлердің қажырлы еңбегінің нәтижесі екені сөзсіз.

Айдос Тұрсынбайұлы сияқты офицерлердің қызметі – жас ұрпаққа үлгі. Ал олардың адал еңбегі мен табандылығы – Отан қорғау жолындағы абыройлы міндеттің айқын көрінісі.

Суреттер отбасылық мұрағаттан.

Ғалымжан БАКЕТОВ, подполковник.





ШЕКАРАНЫҢ НӘЗІК ҚОРҒАНЫ

Әскери қызмет – ел қауіпсіздігін қамтамасыз ететін аса маңызды әрі жауапты сала. Бұл жолды тандаған адамға батылдықы, тәртіп, табандылық және Отанға деген ерекше сүйіспеншілік қажет. Ал медицина – адам өмірін сақтап қалуға, денсаулығын қорғауға бағытталған қасиетті мамандық. Бірі – ел шекарасын күзетсе, екіншісі – адам өмірін сақтайды. Осы екі саланың тоғысында қызмет атқарып жүрген мамандар – әскери медицина қызметкерлері. Әскери медицина – ерекше жауапкершілікті талап ететін сала.

Әскери қызметшілердің денсаулығы мен өмірі, олардың қызметтік міндеттерін толық әрі сапалы атқаруы осы сала мамандарының еңбегімен тығыз байланысты. Шекара қызметінде жүрген сарбаздардың тәулік бойы қызмет атқаруы, түрлі табиғи жағдайларда міндетін орындауы медициналық қамтамасыз етуге үнемі дайын болуын қажет етеді. Сондықтан әскери медицина қызметкерлері тек дәрігер немесе медицина маманы ғана емес, сонымен қатар әскери тәртіп пен жауапкершілікті қатар алып жүрген мамандар болып табылады.



Осындай жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген әскери қызметшілердің бірі – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің медициналық қамтамасыз ету тобының дәріхана бастығы прапорщик Алтынай Алдабергенова.

Алтынай Алдабергенова – Қызылорда облысының тумасы. Бала кезінен әскери қызметке қызығушылығы ерекше болған. Оның айтуынша, бұл қызығушылықтың қалыптасуына ең алдымен ата-анасының ықпалы зор болған.

– Бала кезімнен әскери форма киіп, ата-анамның жолын қуу менің арманым болды. Әкем әскери қызметкер еді. Әкемнің әскери форма киіп жүргені, оның қызметіне деген жауапкершілігі мені қатты қызықтыратын. Ал анам медицина саласында еңбек етті. Ақ халат киіп, адамдарға көмек көрсетіп жүргенін көріп өстім. Сондықтан мен үшін әскери қызмет пен медицина саласы әрқашан ерекше жақын болды, – дейді ол.

Алтынай Алдабергенова 1999 жылы Қызылорда медициналық колледжін «емдеу ісі» мамандығы бойынша тәмамдады. Медициналық білім алып шыққан жас маман 2000 жылы Қызылорда қаласындағы 2019 әскери бөліміне медициналық қызметінің дәріхана бастығы лауазымына қызметші болып қабылданады. Бұл – оның шекара қызметіндегі алғашқы қадамы еді. Сол уақыттан бастап ол әскери медицина саласында еңбек жолын бастады. 2002 жылы Алтынай Алдабергенова әскери қызметке шақырылып, өз қызметін жалғастырады. Ал 2004 жылы прапорщик

әскери шенін алып, кәсіби қызметін одан әрі жалғастырады. Содан бері ол шекара қызметі саласында абыройлы еңбек етіп келеді. Қазіргі таңда Алтынай Алдабергенова Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің медициналық қамтамасыз ету тобында дәріхана бастығы лауазымында қызмет атқарады. Шекара қызметінің өзіндік ерекшелігі бар. Мемлекеттік шекара тәулік бойы үздіксіз күзетіледі. Күндіз-түні кезекшілік атқарылып, патрульдік қызмет жүргізіледі. Шекара аумағы кейде жүздеген шақырымдарға созылып жатқандықтан, оны бақылау үшін түрлі заставалар мен бақылау бекеттері орналасқан. Осындай жағдайда әскери қызметшілердің денсаулығын

сақтау, қажетті медициналық құралдармен және дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Бұл – әскери медицина қызметкерлерінің басты жауапкершілігі. Шекара қызметінің негізгі міндеттерінің бірі – мемлекеттік шекараны заңсыз бұзудың алдын алу. Сонымен қатар контрабанда, заңсыз көші-қон және басқа да құқық бұзушылықтардың жолын кесу – шекарашылардың басты міндеті. Бұл міндеттерді атқару барысында әскери қызметшілер түрлі табиғи жағдайларда, кейде қиын климаттық аймақтарда қызмет атқарады. Сондықтан олардың денсаулығы мен медициналық қамтамасыз етілуі ерекше назарда болуы тиіс. Алтынай Алдабергенованың айтуынша, әскери қызметте ең маңызды құндылықтардың бірі – Отанға деген адалдық.

– Әскери адам үшін ең бастысы – Отанды сүйу. Елдің қауіпсіздігін қорғауға әрдайым дайын болу





керек. Қызметті адал атқарып, берілген тапсырмаларды мұқият орындау – әрбір әскери қызметшінің міндеті. Қауіпті жағдайларда батыл әрекет етіп, дұрыс шешім қабылдай білу де өте маңызды, – дейді ол. Сонымен қатар әскери тәртіпті сақтау, бұйрықтарды нақты орындау, қиын жағдайларда төзімділік таныту – әскери қызметтің негізгі қағидаларының бірі. Кейіпкеріміздің пікірінше, шекарашы болу үшін адамда бірқатар қасиеттер болуы қажет. Ең алдымен – патриотизм. Өз елінді, жерінді, халқынды шын жүректен сүйе білу керек. Сонымен қатар жауапкершілік, батылдық, ерлік және төзімділік сияқты қасиеттер де аса маңызды. Қызмет барысында түрлі қиындықтар кездесуі мүмкін. Алайда тәжірибе, кәсіби дайындық және әріптестердің қолдауы кез келген қиындықты еңсеруге көмектеседі.

– Қызмет барысында кездесетін қиындықтарды сабырмен, жақсы дайындықпен және тәжірибе арқылы еңсереміз. Сонымен қатар ұжымдағы әріптестердің қолдауы да өте маңызды, – дейді ол. Алтынай Алдабергенованың айтуынша, оның отбасы да қызметіне үлкен түсіністікпен қарайды. Жақындары бұл қызметтің жауапты әрі маңызды екенін жақсы түсінеді.

– Отбасым менің қызметімді әрдайым қолдайды. Олар бұл қызметтің қаншалықты маңызды екенін түсінеді. Сондықтан маған сенім білдіріп, Отанға адал қызмет етуіме әрдайым қолдау көрсетеді, – дейді ол. Бос уақытында Алтынай отбасымен бірге уақыт өткізгенді ұнатады. Ата-анасымен, бауырларымен араласып, баласының тәрбиесіне көңіл бөледі. Оның айтуынша, отбасы – адамға күш беретін ең үлкен тірек.

– Әскери қызметке жаңадан келген жастарға айтарым – тәртіпті сақтау, төзімді болу және ұжыммен жақсы қарым-қатынас орнату өте маңызды. Әрдайым Отан алдындағы борышты есте сақтау керек, – дейді ол.

Ал жас буынға айтар тілегі де айқын. Ең бастысы – елін сүйетін азамат болу. Батыл, адал, еңбекқор болу керек. Қиындыққа мойымай, достық пен бірлікті бағалай білу маңызды. Әр адам өз арманына сеніп, қоғамға пайдалы болуға ұмтылуы тиіс.

Отан шебін күзетіп жүрген шекарашылар – ел қауіпсіздігінің сенімді қалқаны.

Ал олардың денсаулығын қорғап, қызметін қамтамасыз етіп жүрген әскери медицина мамандары – осы жүйенің маңызды бөлігі. Прапорщик Алтынай Алдабергенова сияқты өз ісіне адал, кәсібіне жауапкершілікпен қарайтын мамандардың еңбегі – ел қауіпсіздігі мен әскери қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды үлес. Осындай жандар барда ел шекарасы берік, ал Отанымыздың қауіпсіздігі сенімді қолда екені сөзсіз.

Суреттер жеке мұрағаттан.

Әкімжан ТӨЛЕБАЙ, аға лейтенант.



БӘРІ БАСТАЛҒАН ЖЕРІНДЕ АЯҚТАЛАДЫ...

Шекарашыларда «бұрынғы» деген ұғым жоқ. Олар бар болғаны уақыты келіп, зейнет демалысына шығады. Ал жүректері... бұрынғыша «шекара» деп соға береді... Өйткені олар өздерінің жастығын, саналы ғұмырын ел шебіне арнады. Бұл – өзін шекарасыз елестете алмайтын шекарашы үшін ұмытылмас, ең бір қымбат жылдар...

«Мұны жай адамдар – мамандықтары бейбіт өмірге арналған азаматтардың түсіне бермеуі мүмкін. Біз неге шекарашыны – Отанның берік қалқаны санаймыз? Бұл әсіре айтылған сөз емес. Шындық. Сосын да біз уақыты келгенде өзіміз жаяу жүріп өткен ондаған шақырымдарды, шығыстан көтеріліп келе жатқан күнді шекараның, толқыны жағаны соққан теңіздің бойында қарсы алған сәтімізді, боран мен аптап ыстықты, қара суықты сағынышпен еске алатын боламыз. Неге? Білмеймін. Мұны мен секілді кез келген шекарашыдан сұраңыз... Айтып бере алмайды. Бар болғаны, бұл – біздің тағдырымыз, өзіміз таңдаған!» - запастағы полковник Әлібек Каюпов.



2026 жылдың 23 ақпаны. Белгіленген уақытта департаменттің клубына жиналған жеке құрам алдымен еліміздің Әнұранын орындаған соң экранға көз тіккен. Дәл сол сәт, олардың арасынан енді бірнеше минуттан соң өздерінің көздеріне еріксіз жас тұнатындарын білген жоқ еді... Өйткені..., олардың қызмет бөлмесіндегі шкаф сөресіне қойылған кітаптардың арасында «елеусіз» тұрған «Их именами назвали заставы» («Есімдері заставаларға берілген») атты кітап еді, жан-дүниелеріне қопарылыс жасаған. Ал біреулер түсінді ме екен? Айтып бере алмаймын. Білетінім, нағашы атасынан сыйға алған кітаптың бір әрпін қалдырмай оқып шығып, өскенде шекарашы болуға бекінген тоғыз жасар баланың шындығында да жылдар өте келе мықты сардарға айналуы – көп жанның қызығушылығын тудырғаны рас.

...Департамент бастығын құрметті демалысқа шығарып салуға арналған рәсімнен кейін менің Әлібек Амангелдіұлымен сұқбатым

басталған. Міне осынау бүкпесіз өрілген әңгіме үстінде сардар әңгімені әріден қозғаған.

– Полковник мырза, сізді 1992 жылы Қазақстан Президентінің Жарлығымен құрылған Шекара қызметімен төл құрдас деп білеміз. Өйткені, шекарашылардың жоғары оқу орнын бітіріп, туған еліңіздің шекарасына алғаш қадам басқан сәтіңіз Шекара қызметінің құрылған күнімен тұспа-тұс келді. Ендеше, сіз үшін қызмет қалай басталды?

– Мәскеу облысындағы шекара училищесін тәмамдап, тиесілі демалысымды өткізгеннен кейін 1992 жылдың шілде айында Голицында бірге білім алған курстастарыммен бірге КСРО МҚК Шекара әскерлерінің Шығыс шекара округіне келдік. Бұл – бүгінде Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің Алматы облысы бойынша департаменті орналасқан мекен.

Қызметке бөлу барысында мен Қызыл Ту орденді Мақаншы шекара отрядының бөлім офицері лауазымына тағайындалдым. Дәл осы

отрядта жүріп Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері құрылғаны жөніндегі жаңалықты алғаш рет естідім.

Бұл кезең – ел тарихындағы бетбұрысты уақыт болатын. Сол жылдары орын алған оқиғалар туралы осыған дейін аз айтылып, аз жазылған жоқ, сондықтан оларды қайта тізбелеудің қажеті жоқ. Дегенмен бір жайтты атап өткен жөн. Президент Жарлығы жеке құрамға жеткізілгеннен кейін көпшілігі өздерінің тарихи Отандарына қалай тезірек ауысып кетудің жолдарын талқылай бастады.

Шындығында, оларды кетуге ешкім күштеп мәжбүрлеген жоқ. Соған қарамастан, өздерінің Отандарына оралуға бел буған әрбір адам өз шешімінің дұрыстығын дәлелдеуге тырысатын. Кейбір бөлімшелерде көңіл күйдің төмендегені, немқұрайлылықтың белең алғаны да сезілетін. Мұндай ахуал біз секілді жас лейтенанттарға да әсер етпей қоймады.

Алайда уақыт өте келе олардың орнын Кеңес Одағының әр өңірінен келген, тарихи Отаны енді тәуелсіз Қазақстан болған офицерлер баса бастады. Жаңа мемлекетпен бірге шекара қызметінің де жаңа тарихы қалыптасып келе жатты.

Сол кезеңде білікті офицерлердің жетіспеуі, сондай-ақ жағдайды өзгерту енді мүмкін емес деген берік түсінік бізге – жас түлектерге шексіз өз-өзімізге сенімділік сезімін ұялатты. Біз қызметімізді училищеде үйреткендей атқаруға тырыстық, ал шекара қызметінің күрделі ғылымын өз қателіктеріміз бен жіберген олқылықтарымыз арқылы менгердік.

Офицерлердің жаппай қызметтен кетуінің шарықтау шегі 1992 жылдың соңы мен 1993 жылдың ортасына түспа-түс келгендіктен, негізгі салмақ біздің – жас офицерлердің иығына түсті. Кадрлардың жиі ауысуы қызмет орындарында ұзақ тұрақтауға мүмкіндік бермейтін. Соған карамастан біз бір лауазымнан екіншісіне өсіп, тәжірибе жинап, жаңбырдан кейінгі саңырау-құлақтай тез жетіліп келе жаттық.

Мақаншы шекара отрядының құрылғанына 100 жыл толу қарсаңында сол кезеңде отрядты басқарған бірқатар басшыларды еске алғым келеді. Олар – отряд бастығы подполковник Дмитриенко, отряд штабының бастығы подполковник Метелев, мен қызмет атқарған бөлімінің бастығы подполковник Киреев В.П., сондай-ақ отряд бастығының техника жөніндегі орынбасары подполковник Занько. Өкінішке қарай, олардың аты-жөндерін толық есте сақтай алмадым, сондай-ақ сол жылдары қызмет атқарған өзге де басшылардың есімдері жадымда көмескі тартқан.

Кейінірек бұл ұжымға полковник Абайділдинов Мұрат Сейтнұрұлы, Галиахметов Рашид Сагидулович, Волков Николай Ульянович секілді басшылар келді. Сонымен қатар аға

офицерлер қатарында М.А. Мажитов, А.В. Горячко, М.Д. Даишев, С.Ж. Тастанбеков, Н.Ф. Алдаев, Е.И. Бегмалиев және басқа да офицерлер қызмет етті. Дегенмен олардың басым бөлігі тәуелсіз елдегі жаңа өмірді іс жүзінде нөлден бастап құруға кіріскен буын болатын.

Халық арасында «таза парактан бастау қиын емес, қиыны – жазу мәнерін өзгерту» деген сөз бар. Сол бір кезеңде бізге бәрін өзгертуге тура келді. Оның үстіне мұның барлығын жүріп келе жатып, қызметтің қазанында қайнап жүріп жүзеге асыруға мәжбүр болдық. Бұл жолда біз қатарда қалған тәжірибелі офицерлерге сүйендік, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Шекара әскерлерінің өзіндік болмысын сақтап қалуға шын ниетпен ұмтылған жандардың тәжірибесін үйрендік.

Сол жылдары басқа мемлекеттерден, сол кездегі ТМД елдерінен шақырылған мерзімді әскери қызметшілер екі жылдық қызметтерін аяқтап, өз елдеріне қайтып жатты. Осындай жағдайда әскери тәртіпке байланысты мәселелер де аз болған жоқ.

1991 жылдан бастап әскерге шақыру негізінен Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Павлодар және Семей облыстарынан жүргізілді. Бұл өңірлер дәстүрлі түрде алыс шетел мемлекеттерімен шектеспейтін аймақтар болғандықтан, шекара қызметінің ерекшеліктерін білетін тәжірибелі буын қалыптаса қоймаған еді. Сондықтан мерзімді әскери қызметшілер арасында да белгілі бір сабақтастық байқалмайтын.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елдегі әлеуметтік жағдайдың төмендеп, экономикалық көрсеткіштердің нашарлағанына карамастан, біз біраз уақытқа дейін бұрыннан қалған қорлардың арқасында қызметімізді жалғастыра

алдық. Азық-түлік пен киім-кешек қоймалары әлі де толы еді, сондықтан алғашқы жылдары аса күрделі қиындықтар сезіле қойған жоқ.

Алайда кейінірек жабдықтау жүйесінде іркілістер басталғанда жағдай қиындай түсті. Сол кезде біз жергілікті халықтың көмегіне жүгінуге мәжбүр болдық: ет, ұн, картоп және басқа да азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесінде қолдау сұрадық. Ол кезеңде жарияланған жаппай жекешелендіру қоғамды жеке меншік пен мемлекеттік секторға бөлген күрделі кезең еді.

Қытаймен шектесетін көрші тарапта біздің елдегі өзгерістерді жақсы білетін. Олардың өздерінде де саяси әрі экономикалық қиындықтар аз емес болатын. Сол себепті ұсталған шекара бұзушылардың басым бөлігі жақсы өмір іздеп, біздің еліміз арқылы әрі қарай Еуропаға өтуді көздеген адамдар еді. Сонымен қатар 1958–1962 жылдары екіге айырылып қалған көптеген туыстар қайта қауышуға ұмтылып, бірақ шекарадан тек өткізу пункттері арқылы өту тәртібін білмегендіктен, кейде оны заңсыз кесіп өтетін жағдайлар да кездесетін.

Жалпы алғанда, сол жылдардағы жағдай тыныш болды деуге келмейді. Дегенмен дәл сол күрделі кезең бізге тәжірибе жинақтап, өз кадрларымызды тәрбиелеуге және шекара қызметінің жаңа буынын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

– Демек, тарих қойнауына кетіп үлгерген сол жылдардан қалған естеліктерге тоқталсақ...

– Мен КСРО МҚК Шекара әскерлерінің Жоғары әскери-саяси шекара училищесін қайта құру кезеңі мен тәуелсіз мемлекеттердің қалыптасу уақытына түспа-түс келіп аяқтадым. Бастапқыда бізді шекара заставаларында саяси жұмыстарға жауап беретін офицерлер – тәрбиеші ретінде даярлайтын. Кейін қоғамда психология мен

педагогикаға қызығушылық артып, оқу бағдарламасы да өзгеріске ұшырады.

КОКП (Кенес Одағы Коммунистік партиясы) тарихы мен әскердегі партиялық-саяси жұмысты ұйымдастыру пәндерінің бір бөлігі психология және педагогика негіздерін тереңдетіп оқыту курстарымен алмастырылды. Соның нәтижесінде бұрынғыдай «тарих пәнінің оқытушысы» емес, азаматтық мамандық бойынша «әлеуметтік педагог-психолог» деген диплом алып шықтық.

Біз саяси училищеде оқығандықтан, оқу ордамызды «МҚК-нің саяси кадрлар ұстаханасы» деп атайтын. Сол себепті бізге шет тілдері, ықтимал қарсылас елдердің мәдениеті мен тарихы жан-жақты оқытылды. Тілдік дайындық бойынша қосымша факультеттер де қолдау табатын. Мен сол кезде көршілес аумақта орналасқан ықтимал қарсылас елдің тілі ретінде қытай тілін факультативті түрде оқуды таңдадым. Бүгінде «ықтимал қарсылас» деген термин өз мәнін жоғалтқанымен, ол кезеңде дәл осындай атау қолданылатын.

Қытай тілінің негіздерін меңгерген мен қызметімді жалғастыру үшін Мақаншы шекара отрядының ерекше бөліміне жіберілдім. Өмірімдегі ең есте қалған кезеңдердің бірі дәл осы уақыт болды. Әрине, бөлім туралы көп айта беруге болмайды. Дегенмен бір нәрсені сеніммен айтуға болады: мен көп офицерлер армандағанымен, бәріне бірдей бұйыра бермейтін қызметке түстім. Кең ауқымды әскери ортаға беймәлімдеу, белгілі бір құпиялыққа құрылған офицерлердің кәсіби ортасы өзге бағыттағы жас лейтенанттардың қызығушылығын да, таңданысын да тудыратын.

Шынайы ер азаматтарға тән достық, бір-біріне әрдайым қолдау көрсету, үздіксіз іссапарлар, шекара учаскелеріндегі қауіп-қатермен

астасқан қызмет, алдын ала келіп түскен ақпаратпен жұмыс істеу – бұл саладағы қызмет маған осындай қырларымен ерекше есте қалды.

Сол жылдары дұрыс жолға қойылған тәлімгерлік жүйесі менің бойымда кейінгі қызмет жолымда қажет болған көптеген қасиеттердің қалыптасуына ықпал етті. Сол қасиеттердің арқасында мен Шекара қызметінде 34 жылдан астам уақыт адал еңбек ету бақытына ие болдым.

– Ел шебіне сіңірген еңбегіңіз бағаланып, аз марапатталған жоқсыз. Дегенмен, сол марапаттардың ішінен сіз үшін қайсысы ерекше?

– Шынында да, менің әр жылдары алған марапаттарым аз емес. Әр түрлі медальдар, төсбелгілер, грамоталар мен алғыс хаттар... Алғашқы медальдар тәжік-ауған шекарасында қызмет атқарған офицерлерге, сержанттар мен сарбаздарға беріле бастады. Ол кезде біз олардың бәріне қызыға қарайтынбыз. Әрқайсымыз шынайы жауынгерлік жағдайда өзімізді сынап көргіміз келетін. Өкінішке қарай, мені Тәжікстанға жіберу жоспарланғанымен, ақыры жол түспеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылы түрлі мерейтойлық медальдардың көптеп табысталуымен есте қалды. Сол жылдары әскери шерулер де жиі өтетін. Сондықтан офицерлердің көпшілігі өз жетістіктерін «кеудесінде көрсетуге» тырысатын. Біз Ұлы Отан соғысының ардагерлері болған аталарымыздың, интернационалист жауынгер болған әкелеріміз бен ағаларымыздың тәрбиесін көріп өскен ұрпақ едік. Сондықтан әр марапаттың қадірін, әр медальдың мәнін жақсы білетінбіз. Сол себепті парадқа медалсіз немесе төсбелгісіз шығуды өзімізге ыңғайсыз санайтынбыз.

Кейінірек «медаль бизнесі» кең тараған кезде марапаттардың қадірі де біршама төмендей бастады. Кеудедегі жылтырақ белгілердің саны мен салмағы олардың шынайы

мәнінен де маңыздырақ болып көрінетін кездер болды.

Менің алғашқы мерейтойлық медалім – 3-ші дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалі – тек 2005 жылы табысталды. Ол кезде мен Үшарал шекара отряды бастығының орынбасары қызметін атқаратынмын. Бұл марапатқа офицерлік қызметтегі 13 жылдан кейін ғана қол жеткіздім. Жасы да, қызмет өтілі де менен кіші офицерлердің мұндай медальдары бұрыннан бар еді. Сондықтан менде әлі жоқтығы біртүрлі көрінетін. Кейбір басшылар мұндай әділетсіздікке таңғалып, мән-жайды сұрағанымен, нақты қандай шаралар қабылданғанын білмедім.

2005 жылдың 7 мамырында мен алғашқы 3-ші дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медалімді алдым. Кейін түрлі деңгейдегі медальдар берілді, олардың басым бөлігі мерейтойлық болатын. Бірақ бәрінен де есте қалғаны – ең алғашқы, ең ұзақ күткен марапат.

Мен мемлекеттік награда – 1-ші дәрежелі Сағадат Нұрмағанбетов атындағы «Айбын» орденімен марапатталдым. Ол 2022 жылғы «Қантар оқиғасы» кезінде көрсетілген қызмет үшін берілді. Сол кезде Маңғыстау облысы бойынша департаментіміздің үйлесімді әрекетінің арқасында жеке құрамның өмірі мен денсаулығын сақтап қалдық, әскери техника мен мүлікті жоғалтпай аман алып қалдық. Біз оқиғаның ең қызған ортасында болдық.

Алайда осы марапатты ең есте қалғаны деп айта алмаймын. Себебі сол кезде марапат тек маған ғана берілді, ал менің карамағымдағы қызметкерлер лайықты награда ала алмады. Өкінішке қарай, олардың еңбегін әділ бағалату үшін қанша тырыссам да, басшылықтан тиісті шешім шығара алмадым.

– Сізге қашанда ерекше көңіл бөлуді қажет ететін Каспий теңізінің күзету жүктелді. Теңіз арқылы өтетін шекараны қорғау ісін қанша-

лықты қамтамасыз еттіңіз?

– Тағдырдың жазуымен, мен Каспий теңізінде екі рет қызмет атқардым. Алғаш рет 2009–2012 жылдары, Жағалау күзетінің өңірлік басқармасы енді ғана құрылған кезде. Екінші рет 2017–2022 жылдары, Шекара қызметін реформалау кезеңінде қайта оралдым.

Бұл жылдардың барлығы дерлік тоқтаусыз браконьерлік әрекеттермен сипатталды. Трансұлттық қылмыстық топтар, шетелдік браконьерлер, тіпті Каспийдің байлығын жеке пайда көзіне айналдырған өз азаматтарымыз да болды.

Біз шекараны бұзу әрекеттерімен, әсіресе шетелдік браконьерлердің Қазақстан Республикасының аумақтық суларына заңсыз кіруіне қарсы үздіксіз күрес жүргіздік. Географиялық жағдайға байланысты біздің жағалауымызға іргелес аумақтық сулар әлдеқайда таза әрі балық қоры мол болатын. Жайық өзенінің өр басына уылдырық шашуға ұмтылған бекіре тұқымдас балықтардың біздің жағалауға жақын маңға шоғырлануын браконьерлер әрдайым өз арам пиғылдарына пайдаланып келген.

Олар түрлі жүзу құралдарын, заңсыз аулау құралдарын және заманауи навигациялық жүйелерді қолданатын. Көп жағдайда олардың техникасы мен жабдықтары біздің қару-жарағымыз бен теңіздегі мүмкіндіктерімізден де асып түсетін. Кейінірек біз де тәжірибе жинап, жылдамдық пен маневр жасау жағынан олардан оза бастадық. Алдын ала әрекет ету тактикасын қолдандық, кей жағдайларда қару қолдануға да тура келді. Сол кезең Каспийдегі браконьерлікке қарсы күресте қаруды белсенді қолдануымен, шекара бұзушыларды ұстаумен есте қалды. Браконьерлік қайықтар жойылып, заңсыз аулау құралдары тәркіленді, ұсталған браконьерлер үлкен қаржылық шығынға ұшырады.



Өкінішке қарай, Жағалау күзетін қалыптастыру алғашқы кезде «қалдық принципін» жүргізді. Қызметінде өзін жақсы қырынан көрсете алмаған, әскери тәртіпті бұзған офицерлер Ақтауға жіберіліп, оны бір түрдегі жаза ретінде қабылдайтын. Мен Жаркент шекара отрядының бастығы болған кезде де бірнеше рет тәртіпке бағынбаған офицерлерді Жағалау күзетіне жібергенім бар. Кейін өзім сол жүйеде қолбасшының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарғанда, мұндай асығыс шешімдеріме талай рет өкіндім...

Бірақ уақыт бәрін өз орнына қойды. Бүгінде басшылық қызметтерде жүрген көптеген әскери қызметшілер – дәл осы Жағалау күзетінде шыңдалған офицерлер. Олар тәртіпсіз болғандықтан емес, керісінше, ең күрделі жағдайларда да қызметін жалғастыруға дайын екендерін дәлелдегендіктен осындай деңгейге жетті. Бұл үшін оларға шынайы алғыс айтуға болады.

Айта кетерлігі, трансшекаралық браконьерлік қылмысқа 2020 жылға қарай түбегейлі тосқауыл қойылды. Соңғы алты жыл ішінде шетелдік

браконьерлерді ұстау фактілері тіркелген жоқ. Бұл – сол жылдары Каспийде қызмет атқарған барлық шекарашылардың ортақ еңбегі. Әрине, қылмыс пен пайда табуға деген құмарлық жана жолдарын іздей береді: есірткі мен темекі контрабандасы сияқты әрекеттер пайда болды. Бірақ бұл – тарихтың келесі беті, басқа оқиғалар мен басқа кейіпкерлердің әңгімесі.

Каспийдегі қызмет тек теңізбен ғана шектелмейді. Бұл – Түрікменстан және Өзбекстанмен шектесетін күрделі құрлықтық учаскелерді де қамтитын аймақ. Шөлейт далада шекара инфрақұрылымын салу – нағыз ерлікке тең еңбек. Шекараның шалғай учаскелерін игеру барысында көрсетілген шекарашылардың ерлігі мен табандылығы бүгінде еліміздің оңтүстік-батыс шебінде сенімді шекара қорғау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Шексіз дала, жолсыз кеңістік, суызыз шөлейт аймақтар – мұның бәрі Қазақстан Республикасының жері. Оны қорғау мен күзету – біздің міндетіміз. Шекараны делимитациялау мен демаркациялау аяқталғаннан кейін біз оны күзету мен инже-

нерлік жабдықтауға 2004 жылдан бастап кірістік және бұл жұмыс бүгінге дейін жалғасып келеді.

Бұған қоса, біздің департаментке Возрождение аралында инженерлік ғимараттар салу және «Жігер» техникалық бақылау бекетін орнату міндеті жүктелген болатын.

Мен ең күрделі жағдайда заставалар мен қызметтік үйлерді, инженерлік бөгеттерді, жолдар мен қорғаныс құрылыстарын тұрғызған шекарашыларға, инженерлерге және азаматтық қызметкерлерге шексіз ризамын.

– Әлібек Амангелдіұлы, сіз 2024 жылдың сәуірінде өзінің 100 жылдығын атап өткен Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасын – дегенмен көп адамдардың жадында Жаркент шекара отряды болып сақталып қалған ұжымды басқардыңыз. Осы бір жауынгерлік даңқ жолдарынан өткен шекара отряды туралы естеліктеріңізбен бөліссеңіз.

– Мен Жаркент отрядына тағайындалмас бұрын Мақаншы, Үшарал және Шонжы шекара отрядтарында қызмет атқардым. 2007 жылы мен Шонжы отряды штабының бастығы – бірінші орынбасары лауазымында жүргенде Жаркент шекара отрядының командирі етіп тағайындалдым. Сөйтіп, менің – сол кездің 20 шекара отрядтарының бірін басқарсам деген арным орындалды. Алайда тағайындау – күтпеген жерден болды. Өйткені Жаркент шекара отряды әрқашан өз адамдары, динамикалық ортасы және қызмет нәтижелерімен танымал еді.

Шекара отрядтары арасындағы бейресми бәсекелестік тек «Шығыс» өңірлік басқармасында ғана емес, бұрыннан, Шығыс шекара округінде қалыптасқан болатын. Мысалы, көрші екі отряд – Шонжы мен Жаркенттің бәсекелестігі әрбір әскери қызметшінің, жұмысшы мен қызметкердің адал еңбегімен «қан мен терге» сіңген еді. Жаркент

отрядының қай салада да Шонжыдан артық болуы маңызды болды. Бұл бейресми конкуренция бір командирден екіншісіне, тәжірибелі офицерлерден жас қызметшілерге, ұрпақтан ұрпаққа өтіп отырды. Басшылар үшін бұл – ең тиімді мотивациялау әдісі еді.

Сол кезде мен бір үздік отрядтан екінші үздік отрядтың бастығы болып тағайындалдым. Барлық әскери қызметшілер мені сақтықпен қарсы алды – сол кезде бәсекелес бөлімдер арасында әдеттегі тәсіл болатын.

Алғашқы терең әсер қалдырған сәт – аумаққа және ғимараттарға алғашқы шолу болды. Шекара бойындағы қараусыз қалған өрік ағаштары, ғасырлық ескі ғимараттар, бір күнде толық айналып шығуға қиын аумақ – бәрі есте қалды. Адамдармен алғашқы кездесу де ерекше әсер етті: барлығы өз орындарында, жұмыс үстінде. Жұмыссыз жүргендер жоқ, әркім өз ісін атқарып, сұрақтарға нақты, сенімді жауап берді. Әр жауапта кәсіби шеберлік, еңбекке құштарлық, даму мен жетілдіруге талпыныс сезіледі. Кейбір офицерлердің қабілеті мен білімі мені таңғалдырды – нормативтік талаптарды жаңа қырынан қарауға мәжбүр етті. Сол кезде мен ештеңені өзгертудің қажеті жоқ екенін түсіндім.

Сол кездің өзінде шекара тоқтау-

сыз бұзылып жатты. «Ынталы», «Қорғас», «Басқұншы», «Қазанкөл» шекара заставалары – тұрақты қырағылық, ізденіс пен дайындықты қажет ететін учаскелер. Жеке құрам өз өмірін қалыптасқан тәртіппен өткізеді.

Жаркентте алғаш рет бейнебақылау жүйесі енгізілді, операторлар арқылы бақылау заставаларға жіберілетін патрульдер санын бірнеше есеге азайтты. Бұған дейін тәулік бойына шекараны күзету жоспары екі беттік ШҚК құжатында жазылатын, ал жүйе енгізілген соң бір бетке сыйдырылды. Барлық тексерушілер мен қонақтар бұл жаңалыққа таңғалумен және мақтаныш сезімін білдірді.

Әрине, сол кездегі 85 жылдық тарихы бар отряд инфрақұрылым мәселелерінен қашып құтыла алмады. Ескі, тіпті жарамдылық мерзімі өткен ғимараттар жөндеуді қажет етті. Жаңа құрылыс жоспарында болса да, Жаркент шекарашылары салқынқандылық сақтап, ғимараттарды күтіп ұстады. Мен өз кезімде бәрін бұзып, заманауи ғимараттар салғым келді. Бірақ экономикалық жағдай мен мердігерлердің жауапсыздығы оны жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Дегенмен кейбір жұмыстар өз күшімізбен жасалды: командирлік монша ғимаратын қарауыл бөлмесіне айналдыру,





авариялық ғимараттан лазаретті көшіру. Заманауи медициналық жабдықпен қамтамасыз етілген медициналық лазаретті Шекара қызметінің сол кездегі директоры генерал-майор Болат Исатайұлы Қырғызбаев өзі арнайы келіп ашты.

Мектеп оқушыларына әскери-патриоттық тәрбие беру, сондай-ақ шекара маңындағы тұрғындардың сана-сезімін арттыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Мәселен, Қорғас ауылындағы такси жүргізушілерінің басы біріктіріліп, шекара комендатурасы мен застава бастығының мүддесі үшін қызмет ететін ерікті жасақтар құрылды.

Айта берсек, естеліктер көп. Отряд туралы, оның тарихын жасайтын адамдар туралы сағаттап айтуға болады. Бірақ шын тарих – әр жылдары қызмет атқарған және атқарып жатқан шекарашылардың еңбегімен жазылады.

– 2022 жылдың наурызы. Дәл осы уақытта сіз Алматы облысы бойынша департаментінің бастығы болып тағайындалдыңыз. Төрт жыл бұрын...

– Сөзіңіздің төркінін түсіндім. Алматы облысы бойынша департаменті өзінің бір ғасырдан астам тарихы бар бөлімшелерімен ерекшеленеді. Бұл туралы өткен жылы

департаментіміздің құрылғанына бес жыл толуына орай, «Біз – Отанның берік қалқаны» атты шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің демеушілігімен жарық көрген кітапта егжей-тегжейлі жазылған.

Айтарым, осыдан тура 34 жыл бұрын, Шығыс шекара округінің табалдырығынан ерекше толқынды аттаған жас лейтенант – енді міне дәл осы ғимараттан «полковник» шенінде демалысқа шыққалы отыр. XX ғасырдың ұлы ақыны Т.С.Элиот: өзінің атақты «Төрт квартет» шығармасында: «Менің бастауым – менің соңым» деп жазған. Мен мұны шекарашының «тілімен» былай деп ауыстырған болар едім: «Бәрі басталған жерінде аяқталады...» («Там, где всё началось, там всё и закончится...») деп. Бұл – тағдырдың маған берген сыйы деп білемін.

– Тамаша айттыңыз... Полковник мырза, сіздің шекара бойындағы жүріп өткен соқпағыңыз – оқиғалар, естеліктерге толы. Мен шекарашы журналист ретінде айтарым, мұны кіші буын шекарашылар білу керек деген оймен, алдағы уақытта әлі талай өзіңізбен сұхбаттас боламын деген үміттемін. Шекара новеллаларын жазу үшін.

– Менің шекарашылық ғұмырым осыдан 38 жыл бұрын Голицын шекара училищесінің қабырғасында емес, тоғыз жасымда – нағашы атам Ұлы Жеңістің 35 жылдығына орай, маған шекарашылар туралы кітапты сыйға тартқан сәтінен басталды деп ойлаймын. Өйткені, осы сәттен бастап, шекарашылар туралы ойламаған күнім жоқ... Сондықтан, сіздің шекара новеллалары туралы ойыңызбен толық келісемін.

Суреттерді түсірген автор.

**Тамара ДӘУЛЕТБАЕВА,
отставкадағы подполковник.**



НА ЛИНИИ ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВА

ЕСТЬ МЕСТА, ГДЕ ВРЕМЯ ИЗМЕРЯЕТСЯ НЕ ЧАСАМИ, А РЕШЕНИЯМИ. ГДЕ ОДНО НЕВЕРНОЕ ДВИЖЕНИЕ МОЖЕТ СТОИТЬ СЛИШКОМ ДОРОГО, А ВНИМАТЕЛЬНОСТЬ И ВНУТРЕННИЙ СТЕРЖЕНЬ СТАНОВЯТСЯ ЧАСТЬЮ ПРОФЕССИИ. ОТДЕЛ ПОГРАНИЧНОГО КОНТРОЛЯ «АСТАНА» – ИМЕННО ТАКОЕ МЕСТО. ЗДЕСЬ СЛУЖАТ ЛЮДИ, ДЛЯ КОТОРЫХ ГРАНИЦА ГОСУДАРСТВА НАЧИНАЕТСЯ НЕ НА КАРТЕ, А В СОБСТВЕННОМ ОТНОШЕНИИ К ДЕЛУ. ОДНИМ ИЗ ТАКИХ СПЕЦИАЛИСТОВ ЯВЛЯЕТСЯ ЕФРЕЙТОР САКЕН МАМАНОВ.

Сакен Сулайманович родился 28 июня 1987 года в поселке г.т. Тахтакопир Узбекской ССР. Его детство прошло в простой трудовой семье, где уважение к труду, дисциплине и знаниям было не лозунгом, а образом жизни. Отец всю жизнь проработал в сфере строительства, в настоящее время находится на пенсии. Мать многие годы преподавала историю в школе, также на пенсии.

Среднее образование наш герой рассказа получил в селе Чемолган, окончив среднюю школу имени Мухтара Ауэзова в 2003 году. После 9 классов поступил в Алматинский колледж транспорта и коммуникаций, а затем получил высшее образование в Казахском университете путей сообщения по специальности «Автоматизация и управление». Не останавливаясь на достигнутом, позже дистанционно окончил Казахско-Турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави в г. Туркестане по специальности «Юриспруденция».

